



# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№17-18 (2401-2402) 07/03/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз


ДӘЙЕКСӨЗ

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:**

**«ӘЙЕЛДЕР ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНЫҢ БӘРІНДЕ МЕНІҢ ЕҢ СЕНІМДІ ТІРЕГІМ БОЛДЫ. БАРЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ СІЗДЕРДІҢ БЕЛСЕНЕ АТСАЛЫСУЛАРЫҢЫЗДЫҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА МҮМКІН БОЛДЫ. СІЗДЕР БІЗДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ БІРЛІКТІҢ, ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БЕЙНЕСІНЕ АЙНАЛДЫҢЫЗДАР»**

МЕРЕЙ

# ӘЙЕЛ – АНА, ӘЙЕЛ – ЖАР, ӘЙЕЛ – ҚАЙРАТКЕР...

«Қазақстан темір жолы» Жүк тасымалы» АҚ Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Маңғыстау ЖТ филиалының Маңғыстау вагон пайдалану депосына қарасты Жетібай станциясындағы Бақылау қосынының вагон қараушы-жөндеушісі Әлима Белосарованы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының Құрмет грамотасына ұсынып отыр.



Әлиманың темір жол көлігінде жұмыс істеп жатқанына отыз сегіз жылдан асыпты. Кәсіби-техникалық училищені станция кезекшісі мамандығы бойынша бітірген соң темір жол саласындағы еңбек жолын Батыс Қазақстан темір жолы 7-ші азаматтық құрылыстар дистанциясында су сорғы станциясының бірінші дәрежелі машинисі болып бастайды. Сол жерде табан аудармай сегіз жыл тер төккен соң вагон депосына вагон жөндеу бойынша слесарь болып ауысады. Міне, осы жерде жүріп Әлима Белосарова вагонның барлық құрылымымен жете танысады. Депо басшылығы кәсібін бес саусағындай меңгерген, вагонның бөлшек-тетігін кез-келген еркектен кем білмейтін Әлиманы вагон жөндеуші-қараушы етіп ауыстырады.

– Әлима Тұрсынбайқызы 2004-2016 жылдар арасында Маңғыстау вагон пайдалану депосында 5-ші дәрежелі вагон қараушы-жөндеуші болып жұмыс істеді. Ал қазір Жетібай станциясында Бақылау қосынында еңбек етуде. Әлима өте жауапты, өз кәсібін жетік меңгерген білікті маман, мінезі ашық, қарапайым, турашыл жан. Ол – біздің депо бойынша вагон қараушы болып жұмыс істейтін жалғыз әйел. Заты әйел болғанмен күннің аптап ыстығы, жауын-шашынына қарамай, ерлермен тең дәрежеде қолына балғасын ұстап алып, ұбақ-шұбақ құрамдарды аралап кете береді. Тіпті, «сен әйелсің ғой, қоя ғой» деген сөзді естісе, кәдімгідей шамданып қалады. «Сен істегенді мен неге істей алмаймын» деп бұлқан-талқан болғанын көзіміз көрген. Соған қарағанда қазақтың әйелдерін төмен етекті деген сөз келмеске кеткен, бүгінгі қазақтың әйелі үйде – ана, бала-шағасының қамқоршысы, ал түзде – еңбеккер, отбасының еркекпен тең құқықты асыраушысы, – дейді кейіпкеріміздің әріптесі, аға вагон қараушы-жөндеуші Құтжан Демегенов.

Жүк тасымалы басшылығы Әлима Белосарованы 2015 жылдың 25 тамызында №4351 пойызға техникалық қызмет көрсету барысында №75006189 вагонындағы №125757 бүйір рамасынан жарықшақ тауып, қауіпсіздіктің сақтауына өлшеусіз үлес қосқанын үлгі тұтады. Бұл вагонды шығарушы зауыттан кеткен қателік және анықталуы қиын күрделі ақау болатын. Алайда, кәнігі маманның көзінен тереңдігі 9 мм, ал ұзындығы 15 мм жарықшақ тыс қалмаған. Әлиманың қырағылығының арқасында болуы ықтимал апат оқиғасы мен салдары үлкен шығынға әкелетін жағдайдың алды алынды.

Әлима Белосарованың азаматтығы жайлы айтқанда әріптестері оның жұмыстан бөлек, үйінде мүгедектік алуына байланысты зейнетке шыққан жұбайына күтім жасаумен қатар, ұл-қыздарын тәрбиелеп жеткізуде де жетекші роль атқаратынын айтады. Сонымен қатар қоғамдық жұмыстарға, депода өтетін түрлі жарыстарға белсенді қатысып, өз саласына қатысты рационализаторлық ұсыныстар жасап, өнертапқыштықпен де айналысатын қайраткерлігін айтпай кетуге болмас. Кезінде өзімен бірге теміржолшы болып жұмыс істеген жұбайы Қабыл да алты баласының анасы, асыл жарына тек қолдау білдіріп, керек жерінде ақыл-кеңесін айтып отырады.

Міне, бүгін Астана төрінде компания басшылығының құрметі мен қошеметіне ие болып жатқан әйел, «Күміс алқа» төсбелгісінің иегері Әлима Тұрсынбайқызы, міне, осындай жан. Әйел – ана, әйел – жар, әйел – қайраткер.

**Сұлугүл БЕКЕНҚЫЗЫ**
*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*


*Уважаемые женщины!*

*Примите мои искренние поздравления с Международным женским днем 8 Марта!*

*Первый весенний праздник неизменно дарит тепло, улыбки, настраивает нас на особую волну. Это и понятно, ведь женщины – наши матери, жены, сестры, дочери – согревают своей любовью, поддержкой и заботой.*

*В АО «НК «Қазақстан темір жолы» трудятся тысячи женщин, которые своим профессионализмом обеспечивают стабильную работу на всех участках железной дороги. Они своими душевными качествами привносят в коллективы атмосферу тепла и добросердечности.*

*Желаю вам, дорогие женщины, крепкого здоровья и благополучия!*

*Пусть всем вашим начинаниям сопутствует успех!*

***Сауат МЫНБАЕВ,***
***председатель правления***
***АО «НК «Қазақстан темір жолы»***


НОВОСТИ

## НАДЕЖНЫЙ ПЕРЕВОЗЧИК




**Свыше четырех миллионов пассажиров перевезено за зимний период АО «Пассажирские перевозки». В настоящее время вагонный парк компании поэтапно переходит на весенне-летний период эксплуатации.**

Нынешняя зима выдалась богатой на морозы и метели, из-за неблагоприятных погодных условий несколько раз перекрывались автотрассы республиканского значения. Преимущественно в центральном, северном и восточном Казахстане. Единственным бесперебойно работающим средством передвижения стали пассажирские и пригородные поезда.

Как сообщили в пресс-службе национального перевозчика, в этот период компания задействовала 100% парка, осуществлялись прицепки дополнительных вагонов, назначались дополнительные поезда. В целом за зиму сделано более 2 700 прицепок порядка 200 дополнительных вагонов, благодаря чему дополнительно перевезено более 10 000 пассажиров. Всего же их количество достигло 4 миллиона 106 тысяч человек, с учетом и пригородных маршрутов. Кроме того, принимались меры и для обеспечения комфорта путешествующих. К примеру, во избежание переохлаждения пассажиров обилечивали внутри вагонов.

Сейчас ведется подготовка парка к весенне-летнему периоду. Все вагоны пройдут необходимое техническое обслуживание, также будет проверена готовность систем к эксплуатации в теплый сезон. В расписании существенных изменений не планируется.

*Роман ЛЮБИМОВ*

ЦИФРА НОМЕРА

**СВЫШЕ**

# 33 000

**ЖЕНЩИН ТРУДЯТСЯ СЕГОДНЯ В АО «НК «ҚТЖ»**

ФЛЕШМОБ

# КОНЦЕРТ ДЛЯ ДАМ



**Побывать на концерте настоящего оркестра – для многих событие уникальное. В зале ожидания железнодорожного вокзального комплекса «Нұрлы жол» такая возможность появилась у жителей и гостей Астаны во время флешмоба, который подготовил образцово-показательный оркестр Национальной гвардии Республики Казахстан в рамках празднования Международного женского дня 8 Марта.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**

Такому необычному подарку особенно были рады представители прекрасной половины человечества, ведь прозвучали песни и поппури, воспевающие женскую красоту и обаяние. Так, посетители вокзала смогли в этот вечер насладиться звучанием различных шлягеров, народных песен и современных мелодий в исполнении военного оркестра под руководством начальника военно-оркестрового центра Нацгвардии подполковника Асхата Мухамедьярова. Выступление органично соединило военную, классическую, народную и эстрадную музыку. С первых нот коллектив завоевал любовь зрителей ярким и оригинальным выступлением.

– Это было так неожиданно, красиво и очень приятно! Меня поразило все: их форма, стать, голоса. Никогда не забуду такое мощное зрелище! В концертной программе оркестра звучали казахские национальные мелодии и песни, оркестровая классика и современные композиции. Во время исполнения моей любимой песни Валерия Сюткина «Любите, девушки» я не удержалась и начала танцевать. Я рада, что смогла стать случайной слушательницей выступления одного из лучших военных оркестров Казахстана. Он великолепно продемонстрировал свое музыкальное мастерство, – рассказала транзитный пассажир из Уральска Адель Мусина.

Все участники ансамбля – профессиональные музыканты, регулярно выступающие на военных парадах и участвующие в различных республиканских и международных конкурсах.

По словам самих выступающих, одной из целей проведенного выступления, помимо поздравления женщин, стало государственно-патриотическое воспитание молодежи. Как отметили военные музыканты, учитывается идеологическая составляющая таких мероприятий, основанная на воспитании граждан в духе казахстанского патриотизма, преданности своему народу, повышении престижа воинской службы и рассчитана на молодежную аудиторию в рамках объявленного Президентом страны Нурсултаном Назарбаевым 2019 года – Годом молодежи.

В восторге были и самые маленькие посетители этого неожиданного концерта.

– Моему шестилетнему сыну понравились не только песни, он начал меня расспрашивать об особенностях военной формы Национальной гвардии. Попросил его теперь постоянно водить на следующие концерты военных музыкантов. Думаю, для него это стало знаковым культурным событием и оставило незабываемое яркое впечатление, – говорит пассажир, следующий в Атырау Максат Медуов.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

НОВШЕСТВО

## ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫЙ МАРШРУТ

**В Костанайском отделении грузовых перевозок апробируют новый экспериментальный маршрут, который должен сэкономить более 200 миллионов тенге в год, а также оптимизировать движение грузовых поездов на участке Тобол – Есиль.**

Эту идею работники Костанайского отделения позаимствовали у коллег из Акмолинского отделения грузовых перевозок. Суть экспериментального маршрута в том, чтобы попускать ряд грузовых поездов на участках Есиль – Кушмурун и Кушмурун – Тобол общей протяженностью 248,3 километра без остановок.

– До сих пор все грузовые поезда на этих участках двигались с несколькими остановками – для техосмотра, проверок, в которых не было особой необходимости, – говорит начальник оперативно-распределительного отдела Костанайского отделения ГП Юрий Кемин. – А это влекло за собой излишний износ рельсов, колодок при торможении, вело к затратам времени, электроэнергии, песка и так далее. Кроме того, после первого участка менялись локомотивные бригады, что тоже было неэффективно. Теперь же одна локомотивная бригада совершает весь путь без смены. Это и быстро, и экономично.

Первый состав по данному экспериментальному безостановочному маршруту отправился 2 марта.

По предварительным подсчетам, данное новшество позволит экономить на каждом проходящем составе минимум полтора часа времени, в сутки – до 15 часов, а в месяц – до 450 часов. В финансовом плане это даст экономию в 600 тысяч тенге в сутки, порядка 18 миллионов тенге в месяц и более 200 миллионов в год. При всем том, уверяет Юрий Кемин, новшество нисколько не отразится на безопасности движения:

– Гарантийное плечо составляет 600 километров, данный участок гораздо короче, так что в плане безопасности здесь все нормы соблюдены.

Между тем, в Костанайском отделении ГП не собираются останавливаться на достигнутом. По словам директора филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Вячеслава Миронова, в ближайших планах руководства отделения – на наиболее востребованных участках установить две новые установки зарядки опробования тормозов. Есть и другие идеи, которые должны будут со временем повысить эффективность и экономичность работы отделения.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*

АҚПАРАТ

## ҚАР ҚҰРСАУЫНАН ҚҰТҚАРДЫ

**Наурыздың 5-нен 6-на қараған күні солтүстікте ұйытқып соққан қарлы боран барлық бағыттағы тасжолдарды жапты. Астанаға жақын Ерейментау учаскесінде теміржолшылар Астана мен Павлодар автожолында «қар тұтқынында» тұрып қалғандарға көмекке келді.**

Азаматтық қорғаныс органдарымен бірлесе жедел шаралар қабылданды. Екібастұз жол дистанциясы мен электрмен жабдықтау дистанциясының қызметкерлері Ерейментау, Үленті жаққа аттанырылып, сыйымдылығы 30 адамдық КамАЗ, Газ-66 автокөліктері жұмылдырылды.

Қазіргі кезде «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық қызметтері ерекше жағдайда жұмыс істеуін жалғастыруда. Автожолдарда ұйытқи соққан боран мен көру мүмкіндігі шектелген жағдайда теміржолшылар пойыздардың үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етіп келеді. Астана – Екібастұз учаскесінде түнде 50-ге тарта адам жолды қардан аршыды.

Толықтай алғанда, теміржол желісінде тәулік ішінде шамамен 1400 адам жұмыс істеп, 60 астам қар тазарту және қар аршу техникалары жұмылдырылды.

Жолдарды қардан тазарту жұмыстары тәулік бойы жүргізілуде.

*Қызғалдақ ЖАҚЫПБЕКОВА*

## АҚПАНДА ЖҮК АЙНАЛЫМЫ АРТҚАН



**Ағымдағы жылдың ақпан айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде жүк айналымы 17 млрд тонна-километрді құрап отыр. Бұл дегеніміз өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,5% артық.**

Сондай-ақ, жүк тиеу 19 млн тоннаны құрады. Таскөмірді тиеу 2,4% асты және 8,6 млн тоннаны құрады. Ел ішінде 6,4 млн тонна қатты отын тиелсе, бұл – өткен жылғыдан 2,6% артық көрсеткіш.

Астық 1 млн тонна тиелсе, бұл өткен жыл ақпанындағы деңгейден 1,7% жоғары. Экспортқа 834 мың тонна астық жөнелтілсе, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 8,2% көп.

Бұдан басқа, ағымдағы жылдың ақпанында 956 мың тонна құрылыс материалдары, 284 мың тонна қара металл және 1,8 млн тонна темір руды тиеліп отыр.

*Жібек МЕДЕТҚЫЗЫ*

## ТЕКСЕРУДІ БАСТАДЫ

**Қыс көбесі сөгіліп, көктем келді. Кеше қармен күрескен теміржолшылар енді су тасқынынан келетін қауіптердің алдын алуға кірісті. Астана белгі беру және байланыс дистанциясының қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас маманы Әділ Жұлдызбаев су шайып кету қаупі бар телімдерді қадағалау үшін тексеру жұмыстарын бастады.**

Астанадан 120 км қашықтағы Едіге станциясынан басталған жұмысын Ерейментауда жалғастырып, енді Жалтыр станциясы, Астана мен Нұрлы жол вокзалына ойыспақ. «Біздің осы наурыз айында, келесі апталарда Ақмола магистральдық желі дирекциясы басшыларының жоспарлы тексеруі басталады. Соның алдында мен өзіме тиесілі телімдер мен станцияларды тексеріп жатырмын. Барлық станциялардағы техникалық құжаттамаларды, қыста келген нұсқаулар мен жеделхаттардың толық орындалуын, сонымен қатар рельс біріктін жерлерді, бұрмалардың жұмысын, журналдардың толтырылуын тексерем», – дейді бас маман.

Маманның айтуынша, Ерейментау, Едіге сынды шағын станцияларда жүк жөнелту, қабылдау жұмыстары көп емес, пойыз аз тоқтайтын болғандықтан, мұндағы қызметкерлер уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында құрылғыларды, жабдықтарды жөндеумен айналысады. Дистанция ұжымының қатары жастармен көптеп толығуда, сондықтан олардың оқыту жайы да басты назарда. Мекемеде алдағы уақытта арнайы стендтер, макеттер арқылы он-оннан қызметкерлерді желілерден алдырта отырып, өндірістік оқыту шеберіне техникалық сабақтар жүргізу көзделуде.

*Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ*

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА «ЖОҚ» ДЕ

**Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары және Астана қаласының 5 локомотив пен вагон пайдалану деполары мен 26 станция ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында көшпелі отырыстар болып өтті.**

Кездесулер ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақмола облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қызметкерлерінің қатысуымен өтті. Шараның мақсаты – теміржол көлігі саласындағы сыбайлас жемқорлықтың заңбұзушылықтарды жасау факторлерін болдырмау.

Кездесу барысында теміржолшылар назарына сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат және тақырыптық бейнеролик ұсынылды. Теміржолшыларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын қатаң сақтауға, барлық сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік танытуға және сыбайлас жемқорлық заңбұзушылық фактілері туралы жедел хабарлауға шақырды.

*Асқар ТҰРЫПБАЙҰЛЫ*

КӘСІБІ – НӘСІБІ

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАСАҢ – АНАҒА ЖАСА

«Жақсылықты алдымен анаңа жаса» деген тәмсіл бекер айтылған ба?! Қолымыздан келгенше жарық дүние сыйлаған асыл анамызға жақсылық жасап, қолын жылы суға салып қоюды бәріміз армандаймыз.



Жанар Асанова Түркістан станциясында пойыз қабылдаушы болып 23 жылдан бері еңбек етіп келеді. Алты баланың анасы, «Күміс алқа» иегері. Биыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының арнайы шақыртуымен Астанада өтетін салтанатты шараға қатысу құрметіне ие болып отырған санаулы әйелдің бірі.

– Пойыз қабылдаушының басты міндеті – келген-кеткен құрамдар қауіпсіздігіне жауап беру. Түркістан станциясынан күніне 20-дан аса пойыз келіп-кетіп жатады. Солардың амандығы, бүтіндігі, қауіпсіздігі түгел сүзгіден өтеді. Егер бізге келген вагондардың контейнерлері ашылып, ұрланғаны белгілі болса, әлде ақау шықса, біз күзетпен бірлесіп тексереміз. Біздің алдымызда қай станциядан келді, соны анықтап, дереу клиентке хабар береміз. Ал егер сол ашылған, ақауы бар вагон біздің станциядан кетіп қалса, ол осы жерден ұрланған болып есептеледі. Сондықтан дер кезінде анықтасақ, бұл Түркістанға дейін болған жағдай болмақ. Құжат бойынша түгел санап, жетпей қалса, қанша жетпейтінін айтып, коммерциялық акт толтырамыз. Клиентер әрі қарай ақауына өздері жауап береді. Яғни вагондар бұған дейін қайда болды, қайдан алды, өздері тексереді.

Әрине, вагон ақауы күн сайын шыға бермейді. Аптасына немесе айына бір рет кездеседі, – дейді пойыз қабылдаушы Жанар Файзуллақызы өз кәсібінен хабар беріп.

Қазақтың әйелдері қайсар келеді. Жанар да заты әйел демесеңіз, осы аз ғана жалақысымен бір үйлі жанды асырап, отбасын бағып отырған жан. 5 қыздан кейін дүниеге ұл әкеліп, осы баласы «күміс алқа» әперіпті.

– Баланы біреу үшін туған жоқпыз, өзіміз үшін тудық, сондықтан ешкімге алақан жаймай, біреуден ілгері, біреуден кейін қоңыртөбел тірлік кешіп жатырмыз, құдайға шүкір», – деді қанағатшыл қазақ әйелі.

Күні кеше Жанарды Түркістан станциясының бастығы Қадыр Сырлыбекұлы бастаған әріптестері үлкен салтанатпен, қошеметтеп, Астана сапарына шығарып салыпты. «Олардың бәрі 20-30 жыл осында еңбек етіп, бір отбасыдай туғаным болып кеткен сырмінез сыйластарым, бәрі тамаша жандар. Оларға деген алғысым шексіз. Бәрімізге мереке құтты болсын! Отбасым аман, балаларым көз алдымда, әйелге одан артық бақыт бар ма?!», – деп сөзін түйіндеді киелі Түркістаннан келген Жанар Асанова.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ**, *Түркістан*

*Суретті түсірген автор*

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ҮЙ БЕРІЛЕДІ

«ҚТЖ-ЖТ» АҚ «Қызылорда ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры, «Nur Otan» партиясы «Теміржол» филиалының төрағасы Аманкелді Арысбаев жергілікті теміржолшылармен кездесіп, партияның кезекті XVIII съезінен алған әсерімен бөлісті.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

«Nur Otan» партиясының «Теміржол» филиалының төрағасы Аманкелді Арысбаев Астанада Тәуелсіздік сарайында өткен партияның кезекті XVIII съезіне сырбойылық теміржолшылардан 3 делегат қатысқанын, ел тарихында таңбаланған маңызды оқиғаға куәгер болғандарын айтып өтіп, Президент жария еткен әлеуметтік бастамаларға, көпбалалы отбасының өміріне үлкен өзгеріс әкелетін батыл да нақты шешімдерге тоқталып өтіп, жаңа Үкіметке берілген нақты тапсырмалардың көпбалалы отбасыларды қолдауға бағытталып отырғанын жеткізді.

– Съезд жүктеген міндеттерді Қызылорда ЖТ бөлімшесі өз тарапынан орындауға дайын. Атап өту керек, Елбасы жүктеген міндеттерді қызылордалық теміржолшылар тиімді жүзеге асыруда. Мәселен, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жаңа үй құрылысы жұмысын аяқтап, осыған дейін Сексеуіл кентінен 16 жас отбасыға тұрғын үй берілді. Ағымдағы жылы жас отбасылар үшін тағы 20 үй берілуге дайын. Яғни, барлығын қосқанда 76 жас теміржолшыны баспанамен қамтамасыз етеміз, – деді Аманкелді Арысбаев.

Сөз кезегін алған партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева да «Партияның жергілікті бастауыш ұйымдары тұрғындардың күнделікті мәселесін шешуге белсене атсалысатын болады», – деген Елбасының сөзін жеткізіп, партияға жүктелген міндеттерге тоқталып, көпбалалы отбасылардың барлық мәселесі «бір терезе» арқылы шешілуі қажеттігін, қажетті құжаттарды жинау үшін мекемелердің арасында уақыт жоғалтпай, бюрократтық созбалаңға салуға жол бермеу үшін партия өз көмегін беруге дайын екенін жеткізді.



*Суретті түсірген автор*

ҚАУІПСІЗДІК

# СЕБЕП – АДАМ ФАКТОРЫ

Шымкент жүк тасымалдау бөлімшесінде өткен жылы 21 қауіпсіздікті бұзушылық жағдайы орын алыпты. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда үш жағдайға кем. Барлық жағдайда қауіпсіздіктің бұзылуына бірден-бір себеп – адам факторы.

Атап айтатын болсақ, Түлкібас, Темір, Арыс станцияларында маневрлік жұмыс кезінде тепловоздар мен вагонның дөңгелектері рельстен шығып кеткен. Аталған жағдайға байланысты талдау жұмыстары жүргізіліп, кінәлі жұмысшылар жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, 13 адамды пойыз басып кеткен. Басты себеп, адамдар темір жолдың тыйым салынған жерлерінен кесіп өтуін тоқтатпай отыр. Мәселен, Түркістан, Қазығұрт станцияларында бір-бір жағдайдан және жол дистанцияларында 11 жағдай орын алған. Локомотивтің істен шығуынан Құмшағал станциясында бір жағдай орын алған, 1 жағдай Игілік – Бадам перегонында жолдың шайқалуынан туындаса, Тараз – Құмшағал перегонында толассыз жауған жаңбырдан KZ8AN°-0015 электровоз құмының таусылуы себепті дөңгелектері айналып кеткен. Бұдан бөлек, Талдықұдық – Шағыр перегонында мал басу жағдайы орын алған. Бадам – Қалаш перегонында ВЛ80-№1959 электровозы ток қабылдағышы сынуынан 1 жағдай орын алған.



Мамандар адам басу оқиғалары әсіресе халық саны көп орналасқан Манкент – Ынтымақ, Қызылсай – Шымкент, Шымкент – Қорғасын перегоны аумағында жиі болатынын айтып отыр. Себебі, аталған перегондарда адамдардың жолға шығуына қарсы қоршаулар барына қарамастан, тұрғындар өз беттерінше қоршауды бұзып, тыйым салған жерлерден өтіп кетуді әдетке айналдырған.

Сонымен қатар, ұрлық-қарлық фактісі де тіркелуде. Айталық, осы перегондарда жолға қойылған 157 дана темір қоршаудың ұрлану фактісі тіркеліп, 4 млн 947 мың теңге шығын келген. Ұрлықтың алдын алу үшін ай сайын тиісті өкілетті органдар ЖІБ, АІБ және прокуратурамен бірігіп темір жол бойына жақын орналасқан тұрғындарға барып, жиналыстар өткізілсе де көзделген нәтижеге жету әзірге мүмкін болмай тұр. Шымкент жүк тасымалдау бөлімшесі аумақтық өкілетті органдарға хат жолдап, ұрланған адамдарды тауып, темір торды қалпына келтіріп беруді талап етуде.

**Жан ПЕРДЕБЕК,** *Шымкент*

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# ЖЕТІМ КӨРСЕҢ, ЖЕБЕЙ ЖҮР...

ҚТЖ жастарының арасынан құрылған еріктілер тобы жақында Қарағандыдағы Осакаровка ауданы, Пионерское селосында орналасқан «Жетім балаларға арналған пионерлік балалар үйіне» барып, қайырымдылық шарасын жасады.

Бүгінгі таңда 90 бала тәрбиеленетін аталған балалар үйінде жас теміржолшы еріктілер балаларға тәтті тоқаштар, жеміс-жидектер мен шырындар қойылған дастархан дайындап, түрлі интерактивті ойыншықтар мен жейдер сыйлады.



– Туған ата-анасынан пана көрмеген балақайлармен кездескенде біздің жас теміржолшылардың байқағаны – бұл балалардың соншалықты жанжақтылығы, бауырмалдығы болды. Олар футбол, волейбол, баскетбол ойындарын жақсы ойнайды. Конькимен сырғанайды, ән де айтады, би де билейді, тоқиды. Өздері сондай ақылды балалар. Бұл ерекше күнде олар үлкендер тарапынан көрсетілген назарға риза болып, көңілдері шаттыққа толды. Осы бір игілікті істі атқаруға шын жүрегімен атсалысқан барша азаматтарға, жылы жүректі жандарға алғыс білдіреміз, – дейді ұйымдастырушылардың бірі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңестің Астана аймақтық өкілі Гүлім Бейсбекова.

Гүлімнің айтуынша, қайырымдылық шарасына қатысуға ниетті азаматтар көп болған. Олар ақшалай да, заттай да көмек көрсетіп, бір қайырымды жан «Monkey finger link» интерактивті ойыншықтарын жеткізген. Еріктілер тобының мәлімдеуінше, Астанадағы балалар үйлері қаржылық қамтамасыз етілу және моральдық қолдау жағынан кемшін емес, сондықтан олар елордадан шалғай жатқан аталған балалар үйіне баруға шешім қабылдаған. Балаларды қуантқан теміржолшы еріктілер тобына балалар үйінің директоры Анатолий Цебер де алғысын білдіріп, жас мамандар жұмысына табыс тіледі.

**Ұлан ОРАЗ**

*Суретті түсірген автор*



# ОНА ТАКАЯ ОДНА

В Уральском отделении ГП работает немало женщин, но в числе начальников станций только одна. Почти 10 лет Айгул Каиргалиева возглавляет станцию Уральск-Товарная, а в прошлом году за безупречную работу была награждена знаком «Адал еңбегі үшін».

**Анна ПАНИЩЕВА,**
*Уральск*

Она родилась в поселке Суюндук Курмангазинского района Гурьевской области в многодетной семье сельских тружеников. Там же окончила среднюю школу. Если бы в 1982-м году ей сказали, что будет начальником железнодорожной станции – не поверила бы. Собиралась учиться на бухгалтера, но судьба в лице родной тети предложила ей поступить в Гурьевский техникум железнодорожного транспорта. Родственники жили на станции Ганюшкино и убедили Айгул, что железная дорога всегда перспективна.

Она выбрала специальность «эксплуатация железных дорог», производственную практику проходила на станции Шалкар Актюбинского отделения дороги дежурным стрелочного поста. Техникум окончила с хорошими оценками и большим желанием работать. Вместе с подругой Софьей Кадесовой получила распределение в Уральск, и с июня 1985 года началась ее трудовая деятельность в качестве дежурного 1-го стрелочного поста.

– Стрелки тогда переводились вручную. Летом жара, зимой – снег по колено, движение интенсивное, но никто не жаловался – работали, – рассказывает Айгул Махуовна.

С января 1986-го ее перевели оператором поста централизации станции Уральск, где проработала 5 лет.

Жили молодые специалисты в общежитии. Здесь Айгул познакомилась с Адильбеком Каиргалиевым, работавшим в ВЖДО, затем составителем поездов на станции Уральск. В 1987-м сыграли свадьбу. Через год в молодой семье появилась дочь. Вскоре получили квартиру в новом доме в пригороде Уральска. С 1991 года Айгул стала дежурной по станции Уральск.

– Дочка, можно сказать, росла на станции, – вспоминает Айгул Махуовна. – Мне везло с коллегами, люди у нас отзывчивые, душевные. Сын родился в 1996-м и в детстве мечтал быть машинистом. Но в итоге выбрал юриспруденцию. Дочь – таможенник, подарила нам троих внуков.

Несколько лет Айгул Каиргалиева совмещала должности дежурного по станции и электромонтера СЦБ. С 1996-го работает на станции Уральск-Товарная, с 2007-го – начальником станции. В канун Дня независимости РК в 2018-м за доблестный труд она была награждена знаком «Адал еңбегі үшін».

– Эта высокая награда стала для меня полной неожиданностью, – скромничает ДС Уральск-Товарная. – Руководство отделения доверило мне этот участок, стараюсь оправдать.

– Айгул Махуовна – энергичный, инициативный руководитель. Она целеустремленная, грамотная, способная нестандартно мыслить, системно анализировать состояние дел, видеть перспективу и добиваться практических результатов, – так характеризует ее первый заместитель директора Уральского отделения ГП Бокенбай Жадрасинов.

Ее супруг около 10 лет проработал в Уральском эксплуатационном локомотивном депо, в последние годы – составителем поездов на станции Белес. Прошлым летом супруги Каиргалиевы отдыхали по путевке в отраслевом санатории курорта Боровое, посмотрели и Астану.

– Столько было впечатлений, – делится Айгул Махуовна. – Природа богатейшая, в озере накупались, по сосновым лесам нагулялись. А столица поразила своим величием. Обратно ехали на поезде "Тұлпар-Тальго" – наслаждались комфортом. В АО «НК «ҚТЖ» умеют заботится о людях, созданы все условия для хорошей работы. Горжусь, что выбрала эту профессию.

*Фото автора*



***Дорогие, милые труженицы стальной магистрали!***

*Сердечно поздравляю вас от себя лично и от имени Центрального совета профсоюза с самым красивым и светлым весенним праздником – Международным женским днем 8 Марта!*
*На Ваших хрупких плечах лежит забота о семейном очаге, воспитание детей, и вместе с этим вы еще выполняете свои профессиональные обязанности, при этом всегда к любому делу подходите с душевной нежностью, жизненной мудростью и удивительным терпением.*
*Желаю вам несравненной красоты, море улыбок, праздничного настроения, семейного счастья, благополучия, здоровья вам и вашим близким. Будьте всегда обаятельными и любимыми!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель ОО « Казпрофтранс»***

# ЖЕЛЕЗНАЯ ВЫДЕРЖКА



**Профессия осмотрщика вагонов требует физической выносливости и особой бдительности – отправляя поезд в путь, нельзя упустить из вида ни одной детали: каждый выбивающийся звук, выпавшая гайка или облупившаяся краска на буксовом узле угрожает безопасности движения. Вот уже без малого 35 лет с этой «не женской» работой успешно справляется Валентина Маслова.**

Валентина Михайловна – осмотрщик вагонов пункта технического обслуживания станции Астана Астанинского эксплуатационного вагонного депо Акмолинского отделения грузовых перевозок. Эту эстафету она приняла от мамы, которая трудилась осмотрщиком на предгорке вплоть до выхода на пенсию. Работали на железной дороге и двоюродный дедушка нашей героини, двое младших братьев и супруг. Общий стаж всех членов семьи превышает 100 лет.

– По настоянию мамы я устроилась в депо в январе 1985 года. Помню, как после месяца стажировки впервые самостоятельно вышла в ночную смену. Был сильный мороз. Под утро замерзла, рук не чувствую, плачу. Про себя думаю, больше не вернусь сюда. К следующей смене отдохнула, вышла – и так по сей день, – улыбается Валентина Михайловна.

Технологии изменились, поезда стали современнее, а 30 лет назад, по признанию Валентины Михайловны, было куда сложнее.

– Я начинала смазчицей в нечетном парке. В то время нужно было открывать буксы и смазывать их мазутом. Ходили с пятикилограммовой масленкой, иногда ее хватало только на одну-две буксы. Тогда приходилось ползти через пути, под поездами обратно к колонке с мазутом, – вспоминает она.– А еще буксы забивались щебнем, песком, водой. Прежде чем залить свежий мазут, нужно ее вычерпать, а зимой все это выдолбить – без рук останешься. В сильные морозы разжигали костры, отогревали буксы. Сейчас они закрыты, и мы их просто простукиваем на наличие неисправности.

Она никогда не боялась тяжелой работы. Выйдя замуж за своего одноклассника, позволила себе немного расслабиться, получив в его лице не только близкого друга и соратника, но и сильное мужское плечо.

– Супруг работал в локомотивном депо, и пока дети были маленькими, мы старались выходить в разные смены. Когда муж оставался с дочками, я знала, что они накормлены, умыты и уложены спать, а по возвращении меня ждал вкусный ужин.Мы жили душа в душу, оттого очень трудно было смириться с потерей, – едва сдерживая слезы, признается героиня.

В 1993 году, не дожив пару месяцев до своего 30-летия, Анатолий Николаевич умер. В это экономически сложное время женщина осталась одна с двумя маленькими детьми на руках. И хотя на помощь пришли родные – мама и братья, работа и быт практически не оставляли времени на отдых. Пройдя через все испытания судьбы, Валентнина Маслова поставила на ноги своих дочерей Марину и Свету, сегодня она счастливая бабушка троих внуков.

–Никогда не думала, что всю жизнь буду трудиться на одном месте, а сейчас и представить себя в другой профессии не могу. Железная дорога стала вторым домом. Коллектив у нас очень дружный, всегда на подхвате друг у друга. Оттого и смены даются легче, – с улыбкой говорит опытная железнодорожница.

**Роман ЛЮБИМОВ**
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# МОЯ ЛЮБОВЬ – РАБОТА



Она посвятила железной дороге 37 лет. Пришла на магистраль 18-летней девчонкой. На вопрос, почему всю жизнь трудится именно здесь, Дамет Мажрабаева только пожимает плечами: «Кто начал работать на железной дороге, тот отсюда не уйдет. У этой деятельности есть особый ритм. Трудишься и видишь результат, и это затягивает. Поэтому уволиться не возникает даже мысли. Когда встречаешь людей, которые много и хорошо работают и относятся к своим обязанностям ответственно и с душой, не влюбиться в магистраль просто невозможно».

**Асель ШАЙХЫНОВА**

Дамет Мажрабаева сейчас трудится оператором при дежурном на отделении оперативно-распорядительного отдела Восточно-Казахстанского отделения ГП. А ее первой работой была должность дежурного стрелочного поста. Сюда она пришла в 1982-м. Потом появлялись новые записи в трудовой книжке: старший дежурный стрелочного поста, дежурный по парку, с 1986 года – оператор при дежурном по станции, затем – дежурный поста централизации. В 2000 году ее назначили дежурным по станции Защита. Стабильными оставались только работоспособность и умение полностью отдаваться своей деятельности.

– Я ни минуту не жалела о том, что связала свою жизнь с железной дорогой. Это очень ответственная и сложная работа, но именно она наполнила мою жизнь смыслом. Очень люблю свою работу, свой коллектив. Это любовь с первого дня. Я благодарна своей семье и всем людям, с которыми работала – работникам пути, сигнализации и связи, машинистам, работникам ШЧ-28, ЭЧ-18, ТЧ-22 и всем нашим коллегам из Восточно-Казахстанского отделения, – говорит она.

Посвятив столько лет железной дороге, Дамет Мажрабаева, как высококлассный специалист всегда на хорошем счету у руководства. Ее благодарственным письмам и наградам нет числа. А самым значимым считает звание «Лучший по профессии Алматинской железной дороги», полученное в 1992 году.

– А все началось с того, что я приехала после школы в город Усть-Каменогорск из села Багратион Восточно-Казахстанской области и остановилась у своего дяди. Он – Почетный железнодорожник СССР, его жена – потомственная железнодорожница. Их пара – уважаемые люди в этой области, и они предложили мне попробовать свои силы на железной дороге. Это и определило всю мою дальнейшую жизнь. Здесь трудиться очень непросто, но отор-ваться невозможно, – вспоминает Дамет.

Так, по совету родных она поступила сначала в железнодорожное училище, затем в техникум и закончила учебу в Государственном университете имени Кунаева.

Наша героиня говорит, что в работе ей всегда помогало и то, что она в школе хорошо занималась спортом. По ее словам, в работе железнодорожника нужна мол-ниеносная реакция, умение быстро сконцентрироваться на цели, найти единственно верное решение.

Особенно ей это пригодилось во время работы дежурным по станции и дежурным поста централизации. Ведь принимать и отправлять поезда – не простое дело. Нужно точно знать, что делать поминутно, если вовремя поезд не уходит. По технологии нужно уложиться в 30-40 минут, которые даются на все, включая отцепку-прицепку.

– Я помню, как во время практики нам показали работу дежурного по станции, его рабочее место. И это было так красиво, так захватывающе! Нам сказали, что если вы хотите стать дежурным по станции, то нужно начать трудиться со стрелок. Как говорится, узнать все с самых азов. С тех пор я осознала, что в моих руках и на моей ответственности безопасность движения, охрана труда. Поняла, раз мне доверили такую работу, то нужна четкость и слаженность, – говорит она. – И я вижу свою роль в этом огромном деле.

По словам ее коллег, главные черты Дамет – постоянство и надежность. Они ценят ее и уважают, и это взаимно. Она же помнит все свои коллективы и говорит, что каждый из тех, кто попадался ей на пути на железной дороге – настоящий фанат своего дела.

Кроме железной дороги есть у Дамет еще одно любимое дело, которому она посвящает свой досуг. Она всерьез увлекается астрологией.

– Я по знаку зодиака Козерог и всегда внимательно слежу за прогнозами для других знаков, – рассказывает Дамет. – Я поняла, что стать железнодорожницей мне суждено небесами.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ПРОФСОЮЗ

# ГАРАНТИРОВАННАЯ ПОМОЩЬ

**Итоги работы за 2018 год подвели на заседании Центрального совета Казахстанского отраслевого профессионального союза работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта в Астане.**

**Любовь РОВБА**

Приветствуя участников мероприятия, председатель отраслевого профсоюза Оразгали Ахметбаев отметил, что минувший год прошел под девизом «Коллективный договор – гарантия стабильности!». Он напомнил, что в декабре 2017-го подписан новый Коллективный договор на 2018-2020 годы между АО «НК «ҚТЖ» и его трудовым коллективом, при разработке которого учли более 100 предложений железнодорожников.

О ходе его исполнения доложил заместитель председателя Жупарбек Сабитов.

– В 2018 году на соблюдение норм коллективных договоров компании и ее дочерних организаций комиссия проверила 64 подразделения компании, посетила 32 станции, провела беседы на рабочих местах с 440 работниками. В собраниях приняли участие более 800 железнодорожников, – рассказал он и подчеркнул, что по итогам поездок в регионы решен ряд проблем. Так, по просьбе работников отремонтировано 650 метров автодороги Петропавловск – Жезказган, проходящей через станцию Новоишимская, запущен обновленный пассажирский вагон по участку Жезказган – Косколь для перевозки сотрудников, выделен штат из пяти человек для обслуживания переезда на станции Жезказган, принято решение о введении в эксплуатацию 62 жилых домов на станциях Сексеул, Жезказган и Шубарколь и многое другие. Большая работа проведена и по обеспечению железнодорожников зимней спецодеждой и обувью – представитель профсоюза теперь включен в комиссию по закупу. Кроме того, создана комиссия по пересмотру, внесению изменений и дополнений в Перечень должностей работников железнодорожного транспорта и квалифицированных требований, предъявляемых к ним, утвержденных в 2010 году.

– Число сотрудников, обратившихся в профсоюз за помощью, выросло на 6% по сравнению с 2017 годом. При этом 80-85% обратившихся решают свои проблемы благодаря профсоюзу, – подчеркнул заместитель председателя.

**РЯДЫ ПОПОЛНЯЮТСЯ**

На данный момент отраслевой профсоюз объединяет порядка 116 тысяч человек. В прошлом году на профсоюзное обслуживание принято шесть первичных организаций профсоюза: филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Многофункциональный центр обслуживания», АО «KTZ Express» – «KTZE Commerce», профсоюза ТОО «NationalStandards», филиала АО «Транстелеком» – «Актаутранстелеком», а также ТОО «Спец Сервис – Құрылыс» и профсоюза АО «УК СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота». При этом покинули состав первичные организации профсоюзов АО «Каз-АТК им. Тынышпаева» и филиала АО «Казтемiртранс» – «Уральское вагоноремонтное депо».

Активная мотивационная работа позволила увеличить количество членов профсоюза в столичном АО «Автопарк-1» в 13 раз – с 68 до 903. Наряду с этим осуществлены поездки в Карагандинскую и Костанайскую области с целью создания первичных организаций на предприятиях автотранспорта.

На заседании отмечалось, что в скором времени планируется начать внедрение системы электронного учета членов профсоюза.

**В ЗАДАННОМ ТЕМПЕ**

Согласно плану намеченных мероприятий, в течение 2018 года проведено два заседания Центрального совета и четыре заседания Исполнительного комитета профсоюза.

В апреле 2018 года прошел Форум председателей первичных организаций профсоюза, в июле в Актау состоялся Первый международный форум женщин. Делегации профсоюза принимали участие в ряде международных мероприятий, одним из которых – 44-й Конгресс Международной федерации транспортников в Сингапуре.

Особое внимание отраслевой профсоюз уделяет социальной политике. Так, в течение года была оказана материальная помощь более 300 инвалидам, получившим увечья на производстве. Совместно с советами ветеранов организаций и подразделений компании представители профсоюза чествовали ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла, посещали дома престарелых. Весной прошла акция «Здоровье – наш выбор!», посвященная Всемирному дню здоровья. Традиционными стали спартакиады, турниры по футболу, волейболу, баскетболу, хоккею, настольному теннису, бильярду.

**С ЗАБОТОЙ О БУДУЩЕМ**

Больше трети от общего количества членов профсоюза составляет молодежь в возрасте до 35 лет. При каждой первичной организации действует молодежный совет или комиссия по работе с молодежью. Весомую поддержку молодым оказывают социальные льготы и гарантии, предусмотренные в Коллективном договоре.

В сентябре 2018-го в ходе Республиканского форума трудовой молодежи приняты основные направления молодежной политики. Молодежь активно освещает деятельность организации в соцсетях и через другие интернет-ресурсы. Ежегодно с участием молодых представителей профсоюза проводятся различные культурно-массовые мероприятия, благотворительные акции, встречи и форумы.

Профсоюз практикует нестандартный подход при проведении молодежных мероприятий. Так, в рамках пилотного проекта «Поколение – Мәңгілік ел» был объявлен фотоконкурс «Железная дорога в лицах», «Автомобильная дорога /Воздушный/Водный транспорт в лицах», также прошел конкурс чтецов и детских рисунков. Впервые проведен Фестиваль молодых семей железнодорожников.

Еще одним значимым направлением деятельности профсоюза является работа с детьми. Ежегодно проводятся праздничные мероприятия ко Дню защиты детей. По туристической программе Центрального совета Астану прошлым летом посетили 182 ребенка, а профкомами филиалов АО «КТЖ – Грузовые перевозки» инициирована трехдневная акция, благодаря которой порядка 150 детей железнодорожников побывали в Алматы. В декабре в столице прошла первая профсоюзная елка, собравшая более 200 детей работников отрасли.

В рамках реализации Комплексного плана поддержки детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, осуществляется патронаж над 7 воспитанниками КГУ «ВКО Детская деревня». С начала действия программы на счета своих подопечных железнодорожники перечислили более 9 миллионов тенге.



# ТӘЛІМГЕР

Бөлімшенің солтүстік шекарасы Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімінде негізінен тек аймақ жастары жұмыс жасауда. Арагідік жастарды жұмысқа машықтандыру мақсатында тәжірибелі теміржолшылар вахталық ауысыммен еңбек етеді. Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының тәжірибелі әрі білікті маманы Гүлшахра Шамшаева осындай жан.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Желілік сенімділік тобының инженері Гүлшахра Шамшаеваның Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясында жемісті еңбек етіп келе жатқанына талай жыл. 1988 жылдан бері КИП және СОБ элекромонтері, СОБ электромеханигі, Сексеуіл-Қоскөл участогының инженері ретінде жұмыс жасап келеді.

Сексеуіл-Қоскөл жаңа телімі ашылғанда кіл жастардың осы телімге жұмысқа аттануы аймақ теміржолшыларының мақтанышымен қатар алаңдаушылығын туғызғаны да жасырын емес. Өйткені, оларға бас-көз болатын тәжірибелі маман, тәлімгерлер керегі талас тудырмайтын. Сол жылдардан бастап тәжірибелі, сенімді теміржолшыларды жаңадан ашылған жас станцияларға сенімділік тобымен жіберіп отыру қолға алынған. Гүлшахраның жұмысы осылай Сексеуіл-Қоскөл телімінде жалғасып жатты. Жастармен жұмыс жасау қызық та қиын еді, бірақ Гүлшахра келе-келе жаңа телімнің жұмысына үйреніп, жастармен ортақ тіл табысып, оларды жұмысқа баулып, білмегенін үйретуге күш салды.

– Алғашқы күндері көңіліміздің құлазығаны рас. Жаңа телім болғасын мұнда ерсілі-қарсылы ағылып жатқан пойыз сирек, оның үстіне бекет-станцияларда санаулы адамдар, теміржол нысандары да саусақпен санарлық. Айналаң көз жетер жерге дейін теп-тегіс маң дала немесе үп еткен жел болса құмды суырып аспанға көтеріп, көзді ашқызбайтын аңызақ жел. Дегенмен бұндай көрініске де көзіміз үйреніп қалды. Ал қазір, құдайға шүкір, барлық бекеттерде болмаса да кішігірім теміржол нысандары, баспана, пост, электр тораптары секілді нысандар телім бойынан көрініп, тіршілік жанданып келеді, – дейді жаңа телімге алғаш келгендегі күндерді еске алған Гүлшахра.

– Біздің дистанцияда ерлермен қатар жұмыс жасап жүрген әйелдер ішінде Гүлшахраның орны ерекше. Ол қашанда өзіне тапсырылған жұмыстарды шашау шығармай орындайтын, ісіне бекем жан. Жұмысын бүгешүгесіне дейін білетін, қандай да бір қысылтаяң шақта мәселенің оңтайлы шешілуіне ықпал етіп, қиындықтан шығар жол таба білетін инженер, оның жаңа телімдегі жастарға үлгі болып әрі өз тәжірибесімен бөлісіп, оларға қамқорлық көрсетуі де дистанцияның жұмысын ілгерілетуге қосқан үлесі деп білемін. Болмаса, ауысымдық тәсілмен отбасынан жыраққа барып, былайша айтқанда, жапан түзде жұмыс жасау нәзік жандылар үшін оңай емес. Бұл – оның жауапкершілігі, – дейді Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының басшысы Ғани Ысқақов.

*Суретті түсірген автор*

# ТӨРТ ҚҰБЫЛАСЫ ТЕҢ

Ақсұлу өзін әкесіне тартқанмын дейді. Әкесі Еділ қазаққа онша келіңкіремейтін, көк көз, сары кісі болғанға ұқсайды. Еңбек және соғыс ардагері, танымайтын адамдар оны қазақ деп те ойламай, кезінде талай қызық оқиғаларға куә болғанын айтып отырады екен.



**Әсел ТАҢАТАРОВА,**
*Маңғыстау*

1964 жылы Атырау облысы, Сағыз станциясында 8 балалы теміржолшылар отбасында өмірге келген Ақсұлудың өзінен үлкен 2 ағасы мен 1 апасы, 3 сіңлісі мен 1 інісі бар, бақытты шаңырақта өсіп-өнгенін сағынышпен еске алады.

– Әкем де, шешем де теміржолдың ең қиын саласы, жол шаруашылығында жұмыс істеді. Әкем жол шебері, шешем жол монтері болды. Сағыз станциясы – күрежолдың бойы. Көргенім – теміржол. Біздің тұрған жеріміз үшінші қазақ ауыл деп аталды. Мектепке теміржолдан өтіп баратын едік. Ол кезде №74 орта мектеп теміржолшылар мектебі болды. Онжылдықты сонда бітірдім. Әкем жол шебері болғандықтан, түннің бір уағында да, әсіресе қыстың күндері жұмысқа көп шақырылып кететін. Үйімізде қолмен айналдыратын телефон болды. Сол шырылдаса бітті, тәуліктің кез келген уақыты әкем тік тұратын. Кейде «ана жерде бірдеңе болды-ау» деп топшылап отыратын. Қыстың күні стрелкаларды қар көміп қалып, түнімен жүретін жолшылармен соны тазартып. Дала боран, ысқырық жел. Әкем келгенде шұбырған бала алдынан тұра жүгіреміз. «Үстім мұздай, жоламаңдар» дегеніне қарамаймыз. Мұртына қатпаш-қатпаш мұз қатып қалатын. Соны таласып түсіретін едік. Сол жағдайлар әлі күнге дейін есімде. Қазір әкем бұл өмірде жоқ, 60 жасында зейнетке шықты да көп жасамады...

Өткен өмір естеліктерімен бөліскен Ақсұлу өзінің теміржолшы кәсібін таңдауына ата-анасының ықпалы күшті болғанын жасырмайды. Ақтөбеде оқу бітірген соң әкесінің туған жері Маңғыстауға баруды қалайды. 1986 жылы Ақтауға келіп, сәуірдің 10-нан бастап Маңғышлақ станциясына жүк қабылдап-тапсырушы болып жұмысқа қабылданады.

1988 жылы Балтабек есімді жігітке тұрмысқа шығып, отбасын құрады. 1989 жылы Әйгерім атты қызды болса, 1990 жылы Әсет атты ұлды болып, 1992 жылы қайтадан жұмысқа шығады. Содан 1995 жылы аға жүк қабылдаушы, одан кейінгі жылдары тауар кассирі, жүк ауданының бригадирі, жүк ауданының бастығы қызметтеріне дейін көтеріледі. 2006 жылдан бері Маңғышлақ станциясы бастығының логистика жөніндегі орынбасары.

– 1990 жылдары тоқырау болды. Барлық нәрсе талонмен берілетін. Жүк те тоқтап қалды. Жұмыс жоқ болғандықтан, табыс та аз болды. Ауысыммен жұмыс істедік. Күніне бір пойыз келсе, қатты қуанатын едік. Ауысым болғанда теміржолшылар бір-бірімізден «Пойыз болды ма?» деп сұраймыз. «Иә» десе, «Жақсы болған екен» деп мәз болушы едік. Мен қазіргі жастарға соны айтам, баяғыда пойыз келді, жұмыс болатын болды деп қуанушы едік. Сендер қазір жұмыс көп деп жыламаңдар. Одан да қуаныңдар. Асылында, бұл теміржолдың өскені, өркендегені деймін, – дейді теміржолшының қызы Ақсұлу Еділқызы.

Бүгінде өткен өміріне көз салған Ақсұлу өзін арман мақсатына қол жеткізген бақытты жанмын деп санайды. Әкесінің арманы ұрпағының ата-бабасының жері түбекке оралуы болған екен. Өзі өмірден өткен соң Ақсұлу бастап бала-шағасы түгел Маңғыстауға оралыпты. Аналары Тыныштық қазір 83 жаста.

Отбасы туралы айтса, жолдасы Балтабек Бисенов – мұнайшы. Бос уақытында мал шаруашылығымен айналысады. Жылқы бағады. Күздік, соғым сояды. Ақсұлу өз қолымен тұздап-дәмдеп қазы-қарта дайындағанды ұнатады. Тұңғыштары Әйгерім бүгінде тауар кассирі болып жұмыс істесе, ұлдары Әсет – электрик. Ұлдарының хоббиі құс өсіру екен. Бүгінде ауласында құстың түр-түрін өсіріп отыр. Адам денсаулығына құстардың пайдасы жоғары екені белгілі, соның ішінде бөдененің еті мен жұмыртқасы бірнеше ауруға шипа, емдік қасиеті зор болғандықтан тамаққа да жиі пайдаланады екен.

Ал Ақсұлудың өзі кәсіби теміржолшы ғана емес, гүл баптаудың да шебері. Есігінің алдына қызыл, сары, күлгін гүлдің алуан түрі өсіп, жұмыс орны да түрлі жасыл желекке толы. Қысқасы, төрт құбыласы тең қазақтың отбасы осындай-ақ болар, көз тимесін...

*Суретті түсірген автор*

# БҰРЫМДЫЛАР БАСТАМАСЫ

Осыдан төрт жыл бұрын Семей бөлімшесі бойынша жастардың қайырымдылық акциясы бастау алған болатын. Өңірде ұлттық компанияның әлеуметтік сала бойынша басымды бағытын жүргізуді Ләззат Айтмұханова, Динара Берікханқызы, Айгерім Тоқпанова сынды жас теміржолшы қыздар бастамасымен қолға алынған бұл шара күні бүгінге дейін үзіліссіз жүргізілуде әрі нәтиже беріп келеді.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Құрбы-құрдастар арасында «Сұлулардың үштігі» атанған белсенді бұрымдыларды бүгінде күллі желі бойындағы теміржолшылар жақсы біледі. Оған негіз де жоқ емес. Айта кетерлігі, команда құрамында көлік жүргізуші жігіттерді қоспағанда барлығы да қыздар. Оның себебі де бар. Әр тоқсан сайын бөлімше фойесінде тәтті-дәмді тағам түрлерін пісіріп әкеліп, жәрмеңке өткізу – бірінші кезектегі міндет. Ол әлбетте қыздардың ғана қолынан шығады. Одан соң, арнайы комиссияның ұйғарымымен түскен қаражатты мүмкіндігі шектеулі балалары бар көпбалалы отбасыларға тарту ету. Жалпы, бастамашыл жастар оннан аса жәрмеңке өткізіп, жалпы сомасы шамамен 400 мың теңгеге тарта қаражатты әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған теміржолшылар жанұяларына табыс етіпті.

– Қайырымдылық сынды ізгі қасиеттің қазақ қыздарының бойынан көрініс табуы – қалыпты жағдай. Басқаша болуы мүмкін емес. Жәрмеңке ұйымдастырар кезде жұмыстан кейін барлығымыз бір үйге жиналып, саудаға шығаруға дастархан мәзірлерін пісіреміз. Түні бойы әзірлеп, ертеңгісін оны жәрмеңкеге шығарып, әріптестерімізге саудалаймыз. Қайырымдылық шарасына бөлімшенің қыздары ғана емес, жігіттердің де немқұрайлы қарамайтыны жүректі жылытады. 5-10 мың теңге ұсынып, тек екі тал самса немесе бір түстік қана алып, қалғанын қорға тастап кететін талай әріптестерімізді, қарапайым инженерлерді кездестірдік. Яғни, ізгі мақсат жолында әсіресе жастар аянып қалмайтынына көзім жетті, – дейді Ләззат.

Бұрымдылардың бастамаларына бөлімше басшысы Марлен Көкірекбаев та қолдау білдіріп, әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған жанұяларға көмек көрсету жолдарын құптаған болатын. Соның аясында қаладағы теміржол колледжінде қайырымдылық концертін көрсетіп, қажетті соманы толықтырып отыратын да кез болған.

Ләззат, Динара, Айгерім бастаған жастар қатарынан көріну кейінгі кезде жастар арасында абыройы өз алдына, үлкен сәнге айналғандай. Жуырда өткен мерекелік шарада бірдей киім киген бұрымдылар командасы орындаған флешмоб көпшіліктің көңілінен шыққаны сондай, сүйсініп ұзақ қол соқты.

*Суретті түсірген автор*

# ТЫҢДАҢЫЗДАР, ҚҰРМЕТТІ ЖОЛАУШЫЛАР...

Үшінші мегаполис Шымкент қаласының бас қақпасы – теміржол вокзалынан күніне 15-16 мың адам өтеді. Вокзалға келіп-кетіп жүріп «Тыңдаңыздар, құрметті жолаушылар» деп, пойыздардың келгені мен кеткенін хабарлап, басқа да ескертулер жасап жататын дикторның жағымды дауысы құлағымызда қалыпты.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*



Міне, бүгін арнайы іздеп келдік, сол дауысы жағымды бикештің алдында отырмыз. Шолпан Юсупова алдымен Арыс қаласындағы теміржол колледжінде оқып, сосын 2009-2011 жылдары М.Тынышпаев атындағы Көлік және коммуникация академиясын теміржолдағы жол қозғалысын басқару мамандығы бойынша сырттай бітіріп шыққан екен.

2011 жылы Шымкент вокзалына анықтама беру бөлімінің кезекшісі болып жұмысына тұрады. Бір жылдан кейін вокзал бастығы кезекшісінің көмекшісі болып тағайындалады. «2014 жылы хабарлаушы-диктор болып ауыстым. Содан бері осы жерде еңбек етіп келемін. Мұнда күндізгі, түнгі ауысым 12 сағат кезекшілікпен атқарылады. Жұмысқа таңғы сағат 8:30 келеміз. Кешкі сағат 9-ға дейін күндізгі пойыздардың келу-кету ретін хабарлап отырамыз, қандай да бір өзгерістер болса немесе пойыз кешіксе, жолаушыларды құлақтандырып отырамыз. Бұдан бөлек, теміржолдың қауіпті жер екендігін жолаушыларға ұдайы ескертеміз. Адамдар пойызға мініп-түсіп жатады, заттарын ұмыт қалдыратындары бар. Сондай кездерде жолаушылар келіп өтініп айтып жатады. Ауысым басшысы қалай бұйрық береді, солай хабарлама жүргізіп отырамыз», – дейді күнделікті атқарып отырған жұмысына шолу жасаған Шолпан.

Шымкент вокзалынан күніне 20-25 пойыз өтеді. Станция кезекшісі, диспетчерлер, операторлар пойыздың келген-кеткенін телефон арқылы хабарлап отырады, ал дикторлар оны халыққа микрофон арқылы жеткізеді. Вокзалдағы теміржолдан жолаушылар пойызынан бөлек жүк пойызы, кейде маневр пойызы, дрезиналар, тепловоздар да өтеді. Осындай сәттерде вокзал дикторы жолаушыларға техникалық сақтандыру, қауіпсіздік, заттарын ұмыт қалдырып кетпеу, касса мен анықтаманың қай жақта екендігін, басқа да қосымша хабарламаларды қазақ-орыс тілінде бірдей жеткізеді.

«Жұмыс қиын емес пе? Түнімен отыру деген әйел адамға қалай болады?» деген сауалымызға «жоға, үйреніп калғам» деп жауап берді.

– Екі күн істеп, екі күн demалaмыз. Вокзал – халықпен тікелей жұмыс жасайтын орын, сондықтан да халықпен жұмыс істеу, әрине, оңай емес, кейде пойыз кешігіп келеді деп хабарласаң да «неге кешігеді, себебін айт, неге сендер білмейсіңдер» деп айғай-шу көтеретін адамдар кездесіп жатады. Барлық жұмыстың өз қиындығы мен қызығы, ерекшелігі бар, оңай жерде нан жоқ, – дейді өмір тәжірибесіне сүйенген маман.

Осыдан біраз жыл бұрын перронда кішкентай 5-6 жастағы бала қалып кетіпті. Қасында ата-анасы жоқ, қайда барарын білмей жылап тұрған баланы бүкіл вокзал ұжымы болып жүріп зорға жұбатып, кезекші мен полицейлер ата-анасын іздеп, әлек болады. Сөйтсе, күтіп алған адамдар бір-бірін жетектеп таксиге мініп кете барған. Бір уақытта естеріне түсіп, қараса, бала жоқ, вокзалға қайта кері оралады ғой. «Келіп баланы алып кетті. Бала – ол зат емес, сөмке емес, қалай ұмытып кетті деп менің қатты таңырқағаным есімде» деп еске алды «қандай тосын оқиғаға куә болдың» деген сауалымызға орай.

Шолпанмен қоштасып сыртқа шыққанымызда қою қараңғылық түскен еді. Самаладай шамдары жарқыраған вокзалдан ұзай бере «Тыңдаңыздар, құрметті жолаушылар...» деген дикторның құлаққа жағымды қоңыр даусын естідік...

*Суретті түсірген автор*

Веселые, энергичные, работящие. А еще грамотные, красивые и умные. Ох, и повезло же мужчинам из Защитинской дистанции сигнализации и связи работать в одном коллективе с такими девчатами из ЛАЗа! Они все – электромеханики связи. Вроде, и не очень-то женская работа, но они с ней справляются прекрасно.



# Мы из ЛАЗа!

**Ольга УШАКОВА,**
*Усть-Каменогорск*

Каждая проводит свое свободное время по-разному. Дана Акатаева очень любит танцевать. Исполняет народные танцы на свадьбах, тоях. Разумеется, в нерабочее время. Она уже «звезда» – год назад на Республиканском молодежном форуме она стала «Мисс ҚТЖ».

Назерке Шаранова и Раушан Токтарбекова обожают читать хорошую художественную литературу. Конечно, в основном, про любовь. Достойное занятие для юных леди!

Зоя Погодина предпочитает проводить досуг в путешествиях, облагораживать свой дачный участок, а Светлана Непомнящая непременно летом отправляется на рыбалку, собирать грибы или ягоды.

Но все эти женщины по графику и зову сердца спешат в линейно-аппаратный зал Защитинской дистанции сигнализации и связи (сокращенно – ЛАЗ).

– Никаких нареканий и претензий к ним нет. Молодцы! Девочки работают очень хорошо, всегда все делают вовремя и никого не подводят, – уверенно говорит менеджер по персоналу Защитинской дистанции сигнализации и связи Шугыла Байгалиева.

Сменный персонал ЛАЗа отвечает за оповещение железнодорожников о проведении селекторных совещаний с Астаной, обслуживание поездных диспетчерских кругов, обеспечение бесперебойной работы всей Защитинской дистанции сигнализации и связи. Вся оперативная технологическая связь, которая есть на железной дороге, управляется из ЛАЗа – центра предприятия. На его сотрудниках лежит большая ответственность.

– Нам не простят ошибок, поэтому мы стремимся работать безукоризненно, стараемся узнавать новое, – говорит электромеханик связи ЛАЗа Зоя Погодина.

Она и Светлана Непомнящая работают здесь больше остальных девчат, на счету у каждой – по 30 лет. Поэтому младшие сотрудницы считают их своими кураторами, спрашивают у них советов – по работе и не только. Но и у них, по словам Зои Макаровны, есть чему научиться.

– Девочки грамотные, пришли в ЛАЗ с опытом работы. Назерке и Дана работают уже больше двух лет, Раушан пришла к нам три месяца назад. До этого она после окончания КазАТК уже успела поработать в КИП СЦБ Защитинской дистанции сигнализации и связи. Мы у наших девочек тоже многому учимся. Молодые быстро схватывают, как работать с цифровым оборудованием, которое здесь установлено. Мы стараемся не отставать от них. Работа у нас идет слаженно, – говорит Зоя Погодина. – Я на девчонок полностью полагаюсь, коллектив у нас замечательный.

Впрочем, женщинам из ЛАЗа в работе всегда помогут мужчины. В линейно-аппаратном зале есть два представителя сильной половины человечества – электромеханик связи Алиаскар Жикебаев, которого девочки называют «наш светило» и старший электромеханик Куаныш Дырданов.

Для того чтобы порадовать их и себя девочки накануне весенних праздников провели небольшой ремонт на кухне ЛАЗа, принесли горшки с цветами и хорошее настроение. Определенно, работать с такими – одно удовольствие!

*Фото автора*



# ЛЮБИТЬ ЧЕЛОВЕКА

**Среди 44 бригадиров пути станции Новоишимская работает одна женщина – Вера Боговина.**

Служба железнодорожницы Веры Боговиной далека от романтики. В снег, дождь, жару вместе с коллегами она бережет безопасность пассажиров. Не расслабишься и не помечтаешь, когда борешься с сугробами. Но Вера человек неугомонный, всегда находит радость там, где вроде одни сложности. Вот и сейчас за большими снегами воображение рисует ей зеленые пейзажи. Она первой вместе с коллегами увидит обновление степи на дальнем перегоне и вдохнет аромат первого подснежника.

За серьезной внешностью Веры – заботливая душа. Для нее нет мелочей, по-матерински она заботится о подчиненных (у нее в бригаде пятеро мужчин). На все обращает внимание: как одеты, обуты. От здоровья путейцев зависит многое, и чему они радуются или огорчаются, тоже знает. Но по работе – спрос строгий, все должно быть по правилам и без нарушений. Такой вот у нее характер, требовательный и прямой.

Тридцать шесть лет Вера Боговина связана с железной дорогой.

– Пошла работать в путь, и до сих в пути! – смеется она.

Железнодорожница честно признается: и рельсы приходилось менять, и тележки сопровождать как монтеру пути, и за лопату браться. На железной трассе – полное гендерное равенство. Но Веру страхи и трудности не пугают, она боевой закалки. Быть сильной учил отец, за что она ему благодарна.

Коллеги бригадира уважают не за то что начальница, а за профессионализм. С ней им не страшно, всегда подскажет, нарушения выявит и сама поможет их устранить.

Главная ее радость – сыновья, оба железнодорожники. Старший Евгений трудится в восстановительном поезде, а младший Николай – программист. Династия сложилась, подрастает внук Влад.

Еще она любит заниматься на даче. Она у нее образцовая, чего там только нет – от арбузов до сладкой клубники.

– Дача – моя отдушина, – говорит Вера Боговина. – Уже сейчас над рассадой думаю: где, куда и что посажу в этом году.

Есть здесь аллея памяти отца. Каждый год она разная: то вся в гладиолусах, в то розах, циниях, астрах. И домашние берегут аллею.

А железнодорожница Вера Боговина учит детей именно этому замечательному человеческому качеству – любить человека.

*Сауле КУСАИНОВА, Кокшетау*
*Фото автора*

# БРИГАДИР МАРИНА



Вот уже ровно 30 лет трудится в родном предприятии – Уральском эксплуатационном вагонном депо – приятная во всех отношениях женщина Марина Толстова. Из них 15 – бригадиром ПТО Уральск.

Так сложилось, что вся жизнь Марины Толстовой связана именно с Уральским вагонным депо. Она родилась в сентябре 1971 года в семье работников ВЧД Николая и Людмилы Горожанцевых. Николай Васильевич – Почетный железнодорожник, более 40 лет проработал в Уральском вагонном депо токарем-бандажником. Людмила Агеевна начинала трудовую деятельность в вагонном депо, потом перешла на станцию Уральск приемосдатчиком, где и проработала до самой пенсии. Тетя Марины – Надежда Беляева – тоже работала в ВЧД инженером по охране труда. Родная сестра Елена Данильченко более 25 лет трудится в Уральском вагоно-ремонтном депо. А совокупный трудовой стаж этой семьи составляет около 170 лет, и весь отдан железнодорожной отрасли.

Для Марины звуки железной дороги с раннего детства ассоциировались с чем-то родным и теплым. Здесь работали все самые ее близкие и родные люди. Она ходила в ведомственный детский сад, на летних каникулах отдыхала в ведомственном пионерском лагере «Орленок», – социальная политика на железной дороге всегда была направлена на улучшение качества жизни работников.

Правда, по окончании школы попыталась уйти от предначертанного. Не сложилось. И с 21 февраля 1989 года для нее начался новый отсчет времени.

– Говорят, дома и стены помогают. Так и есть – для меня стены депо – родные с пеленок, здесь все невзгоды легче пережить, – говорит Марина Николаевна. Она не любит вспоминать о тяжелом для нее времени, но благодарность семье и родному коллективу хранит в сердце.

Начинала Марина Николаевна машинисткой в отделе эксплуатации вагонного депо Западно-Казахстанской железной дороги. С началом компьютеризации освоила профессию оператора ЭВМ. К тому времени вагонное депо разделилось на два предприятия – эксплуатационное и ремонтное. Марина осталась в эксплуатационном.

С октября 2002 года рабочее место Марины Николаевны находится на ПТО станции Уральск Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧДЭ). Два года работала оператором, а с февраля 2004 года стала освобожденным бригадиром. Так что в этом году она отметила небольшой юбилей – 15 лет в должности бригадира ПТО станции Уральск.

В ее подчинении осмотрщики-ремонтники вагонов (ОРВ) от станции Озинки до станции Алгабас, а также операторы ПТО. В обязанности входит организация труда ОРВ, учет рабочего времени. Думаете, рутина? Отнюдь. Скучать ей точно не приходится: работают люди круглосуточно, в любую погоду и нужно грамотно распределить силы, чтобы и задание было выполнено, и переработки не допустить. В коллективе ее уважают. Говорят, строга, но справедлива.

– Марина Николаевна, можно сказать, воспитатель подрастающего поколения. Очень ответственный, дисциплинированный, надежный работник, отличный исполнитель, профессионал своего дела, – так характеризует ее начальник Уральского ВЧДЭ Жамбыл Бегайдаров.

**Анна МАРЬИНА,** *Уральск*
*Фото автора*

# САМАЯ ОБАЯТЕЛЬНАЯ И ПРИВЛЕКАТЕЛЬНАЯ

Лязат Ибраева работает монтером пути в Екибастузской дистанции пути. Она одна из тех немногих женщин, которые трудятся в мужском коллективе. Несмотря на трудности профессии, женщина любит свою работу, тем более рядом всегда находятся те, кто в любую минуту готов протянуть руку помощи.



Лязат Ибраева более 25 лет проработала в железнодорожной отрасли.

– В 1990-е годы всем было тяжело, помните, многие меняли специальность, получали другую квалификацию. В 1986 году мы переехали из Семея в Екибастуз. Я решила пойти на стальную магистраль. Конечно, работа не из легких, но с годами полюбила свое дело, не могу представить себя без железной дороги. К тому же большая ответственность, – рассказывает она. – Сначала был ПЧ-17, потом ПЧ-27, сейчас ПЧ-30. Главное богатство нашего предприятия – это люди, отличающиеся своей добротой и отзывчивостью. Я работаю с мужчинами (всего их одиннадцать). Мы как одна большая семья.

Для Лязат Ибраевой каждый день – 8 Марта. Коллеги всегда готовы помочь, окружают заботой и, как она сама признается, делают поблажки на работе. Главная награда и благодарность для них – это ее искренняя улыбка.

– Международный женский день наши ребята отмечают с размахом, и это не потому, что я одна в коллективе. Они всегда очень добры и внимательны, называют меня самой обаятельной и привлекательной, – с улыбкой говорит железнодорожница. – Дарят подарки, накрывают праздничный дастархан. А что еще нужно нам, женщинам? Только и всего – внимания. У нас в коллективе есть молодой специалист Сайлаухан Бахытбек, который на дни рождения коллег сочиняет стихи и песни. А мне и на 8 Марта поет, декламирует свои произведения.

Лязат Ибраева вместе с супругом Сериком, который тоже работает на железной дороге бригадиром пути в ТОО «Промсервис-Отан», вырастили дочь и сына, они также уже имеют семьи.

– Нашим дорогим женщинам от всей души желаю быть всегда любимыми, счастья, крепкого здоровья и успехов!

**Айдана ЕРТАЙ,** *Павлодар*
*Фото автора*

# КРАСОТА КАК АКСИОМА



В Алматинском отделении грузовых перевозок есть коллектив, которым руководит женщина. Ее трудовая деятельность достойна примера.

Гульнара Асылбекова (на фото вторая справа) – представительница известной железнодорожной династии, которая недавно участвовала в национальном конкурсе «Мерейлі отбасы» и заняла призовое место.

С семнадцати лет Гульнара работала техничкой в школе, в 1991 году девушку приняли работать на железную дорогу расценщиком в Матайское эксплуатационное локомотивное депо. Здесь она встретила свою любовь. Вышла замуж за бравого машиниста Еркина Сазанбаева. Вскоре молодого локомотивщика отправили учиться в Алматинскую дортехшколу и, словно нитка за иголкой, Гульнара поехала с супругом. Столько хлопот сразу свалилось на молодую женщину! Нужно было налаживать быт, найти работу, как-то устроиться в большом городе. Но эти обстоятельства не испугали Гульнару, она ловко справлялась с жизненными и бытовыми неурядицами, при этом всегда оставаясь жизнерадостным и отзывчивым человеком.

Работала вахтером в общежитии. В 2000 году, увидев хозяйственную жилку и прозорливость, а главное легкость в общении с людьми и позитивный нрав, Гульнару перевели работать кладовщиком в Алматинское эксплуатационное локомотивное депо. Вскоре перевели оператором ЭВМ (к слову, параллельно с работой Гульнара поступила учиться в Алматинский институт инженеров транспорта).

В 2003 году, видя ее деловые качества, собранность и ответственное отношение за порученное дело, руководство депо посчитало, что Гульнара уже готова работать в бухгалтерии, осваивать новые рубежи своей профессии, оттачивая мастерство работника финансового блока. Девушка скрупулезно изучала свои обязанности, погружаясь в сводки отчетов, балансов и сверок и всегда находила в своем деле только позитивное начало. Спустя три года она становится заместителем главного бухгалтера, далее главным бухгалтером Алматинского эксплуатационного локомотивное депо – одного из ведущих транспортных предприятий региона.

С июля 2016 года – она главный бухгалтер Алматинского отделения грузовых перевозок. У нее в подчинении 8 человек, которыми она успешно руководит, а ведь в женском коллективе это совсем не просто.

– Восемь женщин, восемь характеров и нравов, и ко всем нужен свой индивидуальный подход, а как иначе? – говорит Гульнара Мукановна.

Многие сотрудники бухгалтерии работают не один десяток лет, к примеру, Раушан Тастанбекова, Куралай Теменова, Айжан Оспанова.

В коллективе чувствуется атмосфера доброжелательности и доверительного отношения друг к другу. А за всем этим стоит руководитель Гульнара Асылбекова, человек внутренней красоты и душевности, которая при этом всегда остается деловой женщиной, хорошей женой и нежной матерью для своих сыновей.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,** *Алматы*
*Фото автора*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА
№17-18 (2401-2402) 07/03/2019
railnews.kz
«ҚТЖ»ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

**«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, Жеміс те ата-анасы секілді темір жолды жағалап, жол жөндеуші болып еңбек жолын бастағаны күні кеше секілді еді. Әкесі Жауынбай Көптілеуов пен анасы Сұлушаш та Атырау жол дистанциясында Жамансор–Сағыз аралығында жол жөндеуші болып жасаған. Олардың қызы Жеміс теміржолшылар династиясын жалғастырып, осы жолға бет бұрса, несі айып?**



## ЖЕМІСТІҢ ЖЕҢІСТІ ЖЫЛДАРЫ

Міне, 30 жылға жуықтапты, табан аудармай Мұқыр станциясында еңбек етіп келе жатыр. Жол жөндеуші болу әйел адамға оңай емес: қыстың қытымыр аязында, жаздың аптап ыстығында аңызақ далада жүріп жұмыс істеу – жігіттің жігітіне сын. Қолына қайласы мен күрегін ұстап ер азаматтармен қатар жол жөндеп, қар күреген талай жыл артта қалды. Бұрын қазіргідей мердігер деген жоқ, бәрін теміржолшылар өздері жасайтын. Әйел-еркек деп бөлінбей шпалды да өздері тасиды, өздері рельс көтереді, қиыршық тас, құм тасиды дегендей. Жаяу жол кезіп, бұзылған шпалдарды түзетеді, ауыстырады. Осы жұмыстарды Жеміс те бір кісідей-ақ жасады, жасап та келеді. «Сол кезде 20-ақ жаста екем, талдырмаш қана қыз едім. Басында қиындау болды, келе-келе үйрендік. Ер адамдармен теңдей жұмыс жасадық. Ал үйде әйел боп тамақ пісіреміз, үй шаруасын жасаймыз, бала бағамыз. Бәріне үлгердік қой», – дейді бүгінде 6 баланың анасы, «Күміс алқа» иегері Жеміс Жауынбайқызы.

2013 жылы оны дистанция басшылығы Мұқыр станциясындағы өткел кезекшісі етіп ауыстырды. «Өткел қолмен атқарылады, жолаушы және жүк пойыздары жүргенде жолды жабамыз. Бүкіл республикалық және халықаралық пойыздар да станция арқылы өтеді. Сондықтан қауіпсіздікке көңіл бөлу аса маңызды» дейді ол.

Жолдасы Уәли Қали да темір жол күзетінде жұмыста. Кейде ерлі-зайыпты екеуі де үйде болмай, жұмысқа ауысымға бір кезде шығып кетеді. Сондықтан үйде қалған балалар бір-біріне қарасып өсті, бүгінде, шүкір, ұлдың алды ер жетіп, отау құрған, қыз тұрмыста. Уәли мен Жеміс – немере-жиен сүйіп отырған бақытты ата-ана.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,** *Атырау*

# БЕЙНЕТ ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында өзінің саналы ғұмырын телімнің 16-бекетін өркендетуге арнаған Назым Қыдырғалиқызы Жаулыбаева бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отыр.



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Қызылорда*

Биыл алпысқа толатын Назым сонау Атыраудың Мақат станциясында дүниеге келіпті. Қыдырғали ақсақал мен Қымбат әжейдің отбасында туылып, екінші анасы Мадинаның тәрбиесін алып, қос ананы тел еміп өскен Назым бала күнінен теміржолшы болуды армандайды. Ертелі-кеш станциядан ерсілі-қарсылы жүріп жататын құрамалар тізбегі бала қиялын өсіріп, теміржолшылар мектебінен түлеп ұшқан қызды осы саланың маманы болуға жетелеген екен.

– Мектеп бітірген соң теміржолшылардың қысқа мерзімді курсына түсіп, алты айдан соң Мақат станциясына жүк вагондарының нөмірін жазатын тізімші, одан кейін салмағын есептейтін оператор болып жұмыс жасадым. Басшылыққа жасаған жұмысым ұнаса керек, станция кезекшісі болу үшін 1980 жылдары Орал қаласына арнайы курс оқуға жіберді, – дейді өткен жастық шағы жайлы әңгімелеген Назым апай.

Орал қаласында оқып жүріп қызылордалық жас жігіт Омар Жақыпұлын кездестірген Назым апайымыз сөздері жарасып, өзінің қалай сырбойындағы теміржолшылар әулетіне келін болып түскенін байқамай қалғанын айтып күледі. Оқудан екеу болып оралған жастардың тойы аймақтағы 8-бекетте тойланыпты. Той өткен бойда ерлі-зайыптыларды сол кездегі дистанция басшысы жұмысқа орналастырады. Жолдасы дистанцияның СОБ механигі әрі біріктірілген станция басшысы болса (ол заманда кейбір шағын бекеттер біріктіріліп келесі станцияларға қарайтын), жас келін Назым апай электромонтер болып тұрады.

Алғаш жұмысқа орналасқан кезде дистанцияның тәжірибелі мамандары Мұрат Бекішов, Болатбек Мәліков, Орынбасар Қалмағанбетов тәлімгерлік жасап, саланың қиын шаруасын меңгеріп кетуге жәрдем бергенін ұмытпаймын. Осы күнге дейін сол кісілерге алғысым шексіз, олардан көп нәрсені үйрендім. Біздің 16-бекеттегі 2876 мен 2884 шақырымдар арасындағы байланыс, белгі беру құралдарының технологиялық талапқа сай жұмыс жасауын қадағалау маған жүктелді. Барлық жұмысты қолмен атқаратынбыз, қазіргідей технология ол кезде тапшы болатын. Дистанция басшылығының тапсырмасы бойынша бекітілген жұмыстардан бөлек, станция кезекшілерімен үнемі байланыста болып жұмыс жасаймыз. Күнделікті бекеттің солтүстігі мен оңтүстігін аралап қарап шығу, одан кейін бекітілген сегіз шақырымдағы байланыс құрылғыларының күнделікті бабын жасау кәсіби міндетіме айналды, күн-түн демей еңбек еттім. Шүкір, одан жаман болғаным жоқ, абыройым өсіп, мақтау естідім, – дейді Назым апайымыз.

Бекеттегі байланыс аккумуляторларына су құю, бағыттамалық бұрма арасындағы түрлі өлшемдерді алып тексеру, тіпті бекет кезекшісінің алдындағы табло мен пульт тетігіндегі жарықтардың қажет кезінде жанып-өшіп тұруына дейін бақылауда ұстау дистанция электромонтерлеріне жүктелген жұмыс екен. Аз уақытта тәжірибе жинап, жұмысын дөңгелетіп әкеткен Назым апайымызды дистанция басшылығы көп ұзамай 16-бекетке ауыстырыпты. Осы станцияда дистанцияның барлық жұмысын атқарып, зейнет жасына жеткенше еңбек еткен Назым Қыдырғалиқызы құдай қосқан қосағымен екеуі төрт бірдей ұл мен қызды болып, оларды азамат етіп ел қатарына қосыпты.

Қазіргі таңда бекеттен зейнетке шыққан анасының жұмысын ұлы Асылбек жалғастырып, электромонтер болса, тағы бір ұлы Асқар – 15-бекеттің кезекшісі.

Зейнетке шыққан соң қалаға қоныс аударғанмен, кең далаға үйреніп қалған, қолы қалт етсе, бекеттегі балалары мен немерелеріне асығады екен. Мереке қарсаңында Назым апайға хабарласқанымызда, 16-бекетке кеткенін білдік...

*Суретті түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЙ*

# АУЫЛ: ӘЙЕЛДЕР ПАТШАЛЫҒЫ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша станция бастығы қызметін атқаратын нәзік жандар баршылық. Әсіресе, Семей–Локоть телімі бойында әйел басшылар қызмет атқаратын бірқатар станцияларды айтуға болады. Соның ішінде Қазақстан-Ресей шекарасының дәл түбінде тұрған Ауыл станциясының бастығы Қарлығаш Райымханова туралы бүгін сөз қозғамақпыз.



Еліміздің қиыр шығысында, Локоть-Семей телімінің 561,1шақырымында орын тепкен, биыл іргесін көтергеніне 105 жыл толатын Ауыл станциясында кіл әйелдер қауымы жұмыс істейді. Атауы да айрықша Ауылдың бөлімшенің өзге жол айрықтары мен станцияларынан басты ерекшелігі сол. Ал, осы қызметке 2016 жылы тағайындалған Қарлығаш Мазанқызы – Аягөз өңірінің тумасы. Ең алғаш станцияға билет кассирі болып орналасыпты. Көп ұзамай тауар кассасында еңбек етуге көшеді. Станциядағы қызметі осылайша жалғастық тауып, мұндағы теміржол қызметінің барлық сатыларынан өтіпті. Басшылыққа осы станциядағы станция кезекшісі қызметінен ауысып келді. Қазіргі күні кіл қыз-келіншектер қауымынан тұратын үлкен ұжымның басшысы.

– Қызметкерлердің кіл әйелдерден тұруының жетістігі де бар, кемістігі де бар. Тиімділігі сол, әйелдің ұқыпты қолы станция жұмысын таптұйнақтай етеді, ал кемшілігі сол, қыстың күндері қар күреуге білек сыбанып өзіміз шығамыз. Әсіресе, ерлер қауымының жоқтығы 8 наурызда сезіледі. Сондықтан бірбірімізді құттықтаудың жарқын үлгісі қалыптасқан, – дейді Қарлығаш Мазанқызы.

Аягөзден шалғайдағы осы станцияға жұбайымен келіп қоныстанғалы талай жыл, сондықтан ауыл Қарлығаш үшін кір жуып, кіндік кескен жерінен еш кем емес. Жолдасы Руслан жолшы, ал қызы Манар станция кезекшісі, қысқасы, бәрінің илегені бір терінің пұшпағы.

– Ауыл станциясының жұмысы жеңіл емес. Шекаралық аймақ болғандықтан төлқұжат режимі бар. Тәртіп қатаң. Жолаушылар пойызы 1,5 сағат аял жасап, толық тексерілуден өтеді. Жүк пойыздары да қатаң күзетіледі. Іргелес аграрлы аудандардың шаруалары астықтарын бізге сеніп тапсырады. Жүк тиеу ауқымы жыл сайын артуда. Тек әйелдер еңбек ететін ұжым болсақ та осы кезеңге дейін бірде-бір рет сөгіс алып көрген жоқпыз, ақау да орын алмады, – дейді Қарлығаш.

Әріптестері әзілдеп «әйелдер патшалығы» деп атайтын Ауылдың ұжымы 8 наурыз төл мерекелерін жылдағы дағдыға сай «Ақжол» дәмханасында атап өтуге той көйлектерін дайындауда. Бір мезгіл формаларын шешіп, қызыл-жасыл көйлек киіп, алқа-білезіктерін тағып, опа-далаптарын жағып... дегендей, өздерін бір сәт әлсіз де әдемі әйел сезінуді қай нәзік жан қаламас дейсіз...

**Қуаныш Қожаев,** *Семей*
*Суретті түсірген автор*

# АРМАНЫ АСҚАҚ АРУ

Аина теміржолға кездейсоқ келгендердің қатарынан емес. Бала күнінен теміржолшылар формасына қатты қызығатын ол тоғызыншы сыныпты тәмамдаған соң Тараздағы теміржол колледжінің студенті атанып, арманына бір табан жақындай түсті.



**Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ,**
*Тараз*

– Мамандық таңдау – бұл әрбір саналы адамның он ойланып, жүз толғанып қабылдайтын түпкілікті шешімі. Ол – оның ертеңгі болашағы, нәсібін теретін тыныс-тіршілігі. Сондықтан, әр адам мамандығын өзі таңдауы керек, – дейді бүгінде 25 жастағы жас теміржолшы Аина.

Тараз теміржол көлігі және коммуникация колледжін «Темір жол көлігіндегі тасымал және қозғалысты ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірген соң Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі басшылығының біліктілік сынағынан өтіп, жұмысқа қабылданған күн әлі күнге есінде. Сондағы қуанғаны, ал жұмыс беруші жақ оны алдымен Астанадағы көліктегі технология орталығына дуальді жүйемен екі апталық білім алуға жібергені, қиялымен өзін жарқжұртқ еткен форма киіп жүрген нағыз теміржолшыдай сезініп, арманы алып ұшқан...

Бас қаладан қосымша біліммен «қаруланып» келген жас осылайша 2013 жылдың қазан айында болат жолдың бойындағы қайнаған тіршіліктің ортасына қойып кетеді. Басшылық оны Аса станциясына жүк қабылдап-тапсырушы етіп жібереді. Міне, содан бері осы жұмыстың көрігін қыздырып, абыроймен еңбек етіп келеді.

– Темірдей тәртіпті талап ететін темір жол саласына бірден «тастай батып, судай сіңдім» десем, өтірік болар еді. Жүрегім қалаған кәсіп болғанмен, алғашында қиналып, қоңылтақсып, біраз толқығаным рас. Ұжымдағы әріптес аға-әпкелерімнен ақыл алып, үйренгенім көп болды, бүгінде едәуір тәжірибе жинап өсіп келемін. Мамандығымды шын мақтан етемін, – деді Аина ағынан жарылып.

Талапшыл жас бір орында тұрып қалмай, 2014-2016 жылдары Алматыдағы М.Тынышбаев атындағы Көлік және коммуникация академиясының «Тасымалды ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқуын жалғастырып, жоғары білімге қол жеткізіпті.

– Болашақта да қажет болып жатса, білімімді толықтырудан қашпаймын. Өйткені, еңбек жолымда осы саланың мүмкін болған белестерін бағындырғым келеді. Болашақта «Қазақстан темір жолы» компаниясының орталық аппаратында жұмыс істеуді армандаймын, – деп арманымен де бөлісті ол.

Осындай жасқа тән жігері мен құлшынысы арқасында былтыр «Жас кәсіби маман» байқауында жылдың жас маманы номинациясы бойынша үздік атанып, арнайы дипломды Астанада өткен салтанатты жиында еліміздің тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіровтің өзі табыс еткені арманшыл аруды ерекше қанаттандыра түскені анық. Осы сапарында көптеген сырлас достар тапқанын зор мақтанышпен жеткізген кейіпкеріміз жастарды теміржолшы кәсібін меңгеруге шақырады.

*Суретті түсірген автор*

**Шара Жиенқұлова сияқты биші болсын деп әкесі қызына осы атты таңдап қойған екен. Алайда, Шараның пешенесіне мың бұралып сахнаның сәнін келтіру емес, ер-азаматтармен қатар қолына сом балғасын ұстап, теміржолшы болу бұйырыпты. Бірақ, оған кейіпкеріміз еш өкінген емес, теміржолды несібем деп біледі.**

# БІЗДІҢ ШАРА



«Менен қайдағы бұралған биші шықсын, нағыз теміржолшы болу үшін жаралғанмын ғой» деп күледі, шынында да анау-мынау жігітке бергісіз күшті де қарулы келіншек...

Шараның темір жолда тер төгіп, күрделі саланың жауапты қызметін абыроймен атқарып келе жатқанына биыл жиырма бес жыл. Жиырма жасында Алматы іргесіндегі Жоламан ауылына келін болып түскен Шара отбасылық өмірге бой үйретіп, тастай батып, судай сіңіп, шираганнан кейін оны енесі теміржолға вагон қараушы етіп жұмысқа орналастырады. Жиырма екі жыл вагон қараушы болып жұмыс істеген Шара Сатылова соңғы үш жылда Алматы вагон пайдалану депосына қарасты Жоламан станциясында Сарыөзек–Алматы аралығындағы бақылау қосынында аға вагон-қараушы жөндеуші болып жұмыс істейді. Атап өтерлігі, ол – Жоламан–Қаратас учаскесіндегі жүз шақты ер адамның арасындағы жалғыз әйел. Бүгінде ол вагон қарап, күніне бәленбай шақырым жүрмейді. «ҚТЖ» ұлттық компаниясында әйелдерді ауыр және қауіпті жұмыс аймағынан шығару туралы бағдарламаға сәйкес қазір ол КП-да КТСМ құрылғысы арқылы пойыздарды бақылап отырады.

«Менің қазіргі міндетім – таңертеңгілік қарамағымдағы вагон қараушыларға еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама жүргізу, жұмысшыларға сағаттарын қойып, табель жабу, басшылыққа КТСМ құрылғысы бойынша қанша пойыз өтіп тексерілді, соған қатысты есеп беру. Егер вагоннан қандай да бір ақау табылып жатса және де бұл құрам жақын жердегі ПТО-ға дейін бара алатын күйде болса, оған вагон қараушының ілесіп барып, жеткізілуін қамтамасыз ету, ал мүлдем жүруге жарамайтын құрам болса, онда нұсқамаға сай басшылыққа хабар беріп, олардың рұқсатынан кейін ғана барып, ағытып алуға нұсқау беру», – деп қызметінің қыр-сырымен бөліседі кейіпкеріміз.

Шара туралы вагон пайдалану депосының басшылығы да жақсы пікірде. Алматы вагон пайдалану депосы директорының солтүстік телім бойынша орынбасары Жанат Әбдукәрімов «Біздің Шара өз ісіне тиянақты, қашан да жинақы, жауапты, тәртіпке жүгінген нағыз еңбек адамы» деп мақтады. Ал кейіпкеріміз теміржолмен табыстырған тағдырына дән риза. Бүгінде екі ұл тәрбиелеп отырған Шара үлкен ұлының әке жолын қуып, электр маманы болып жұмыс істеп жатқанын, ал биыл мектепті тәмамдағалы отырған кіші ұлы анасы секілді теміржолшы болуға ниеттеніп, Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы Көлік академиясына оқуға түсуге дайындалып жатқанын айтады.

Біз де шағын бекетте пойыздардың жүріп тұру барысында қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға үлесін қосып, кәсібіне адал, қызметіне жауапты Шараға төл мерекесінде толағай табыс, мықты денсаулық, жемісті еңбек пен отбасы бірлігін тілейміз.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**
*Суретті түсірген автор*

# УРАЛЬСКИЙ САМОРОДОК



Дежурный по станции – одна из важнейших в отрасли профессий. Именно в этой должности Ольга Даниленко, «Лучшая по профессии» дежурная по станции Уральск, проработала 37 лет.

**Марьяна ПЕРВУШИНА,**
*Уральск*

Родом Ольга Даниленко с Урала – родилась в Пермском крае. Мама – из династии учителей, казалось, Оле – прямой путь в педагогический. Но железная дорога перевесила: отец лет 15 проработал водителем АС-ки, развозил путейцев на работу. Оля училась в железнодорожной школе. Из их выпуска 9 человек решили поступать в Уральский электромеханический институт инженеров железнодорожного транспорта им. Свердлова, что в Свердловске, ныне Екатеринбурге, по специальности «эксплуатация железных дорог». По конкурсу прошла она одна.

Учеба давалась легко – точные науки всегда были ее «коньком». Производственную практику проходила в Перми и Сургуте, куда хотела поехать по направлению – молодой город активно развивался. Однако по окончании вуза в 1982 году четверых выпускников, в том числе и Ольгу, направили на станцию Илецк-1.





– Поскольку головное предприятие находилось в Уральске, мы и приехали сюда, – вспоминает Ольга Ивановна. – Начальником отделения дороги тогда был Омыртай Сахтанов. До Илецка мы не добрались – в техотделе нас направили к начальнику станции Уральск. Встретили в коллективе хорошо, поселили в общежитии.

Ольгу сразу назначили дежурным по станции, а ведь это ни много ни мало сменный помощник начальника станции, который единолично распоряжается приемом, отправлением и пропуском поездов, маневровыми передвижениями на станции, его приказы и распоряжения подлежат беспрекословному выполнению.

– Не страшно было? – спрашиваю.

– Конечно, это большая ответственность. Уральск – станция первого класса, 16 путей и 54 подъездных пути, имеет большую разветвленность. Тогда по 24 пары поездов пропускали. Сейчас больше внимания требует маневровая работа, – делится она.

– Ольга Ивановна – истинный движенец, в совершенстве владеет своей профессией. Ее умение действовать в нестандартных ситуациях неоднократно помогало предотвратить случаи нарушения безопасности движения поездов. В этой связи награждена знаком «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», ей присвоено звание «Кәсібі бойынша үздік». За годы работы внесла значительный вклад в развитие железнодорожной отрасли, является отличным наставником молодежи, – такую характеристику ей дал директор Уральского отделения ГП Дархан Куланбаев.

К слову, Уральск ей понравился своим климатом и душевностью людей.

– Благодаря железной дороге у меня все в жизни сложилось хорошо, – считает она.

В 1983-м вышла замуж за Александра Даниленко, работавшего в Уральской дистанции сигнализации и связи. Он был соседом по общежитию железнодорожников.

– Вместе мы вырастили двух прекрасных сыновей, которые ходили в железнодорожный детский сад, а потом – в железнодорожную школу. В 1984-м, перед рождением первенца, получили «однушку», окнами выходившую на Дом культуры железнодорожников. Второй сын родился в 1987-м, а там и более просторную квартиру дали в Уральск-2. Здесь я нашла лучших подруг, – говорит железнодорожница.

Не раз ей предлагали другие должности, но женщине часто приходится решать в пользу семьи, – пока дети были маленькие, устраивал сменный график. В 90-е начались задержки зарплаты, сокращения штатов и многое другое. Выручали дача и взаимопонимание в семье.

Но и это еще не все. Она удивительная рукодельница – шьет, вышивает, вяжет, плетет макраме, делает всякие красивые вещи из газет, изготавливает декоративные бутылки, лепит различные панно и скульптурки из соленого теста и гипса, разводит комнатные цветы и… раздает это все людям. Кроме того, она знатная огородница и цветовод.

– Не могу сидеть сложа руки, – признается Ольга Ивановна. – На Урале народ «самоделошный», а после напряженной работы мозгам нужна разгрузка.

*Фото автора*

Сотрудник станции Павлодар Зарина Мелькубаева – молодежный лидер Павлодарского отделения грузовых перевозок. Девушка за короткий период работы на железной дороге успела потрудиться на разных должностях. Все это благодаря своему профессионализму и желанию всегда учиться новому. Сегодня в ее амбициозных планах – активно развивать молодежную политику.



# МЫ СМОЖЕМ УДИВИТЬ!

Как известно, 2019 год Глава государства объявил Годом молодежи. Сегодня смело можно утверждать, что молодежную политику в Павлодарском отделении грузовых перевозок ждут реформы в хорошем смысле этого слова. Об этом заявила новый лидер Зарина Мелькубаева.

– Павлодарский филиал, конечно, старается по многим показателям, но нет предела совершенству, – начинает нашу беседу девушка. – Моя задача на этот год заключается в том, чтобы молодые специалисты вошли в число активных сотрудников. Сейчас у меня много планов, идей, многие из которых уже на стадии разработки и внедрения. К примеру, организовать новую сборную команду КВН Павлодарского отделения, будем готовиться к летнему кубку. Хотим принять участие в проекте «100 новых лиц ҚТЖ».

Главный проект Зарины Мелькубаевой – создание официального благотворительного фонда совместно с профсоюзной первичной организацией. Большое внимание сотрудники будут уделять многодетным семьям, трудящихся стальной магистрали. Сегодня эта проблема – одна из острых и актуальных в нашей стране.

– Откроем страницу в социальных сетях, через которые наши железнодорожники смогут к нам обратиться. Этот проект должен стать масштабным, охватим и детские дома, – говорит Зарина.

Получив диплом по специальности «организация и безопасность движения», в 2011 году она пришла на железную дорогу.

– По окончании Павлодарского колледжа транспорта и коммуникаций поступила в Омский государственный университет путей сообщения, – рассказывает Зарина Мелькубаева. – На стальной магистрали работала оператором техконторы, в товарной кассе, инженером, потом перевелась в Астану. Уже в столице поняла, что логистика – это моя стихия, вернулась на станцию Павлодар.

За ее плечами надежный тыл. Отец Сарсен Мелькубаев и брат Бахтияр трудятся в локомотивном депо. Мужчины всегда помогают ей советом и делом в решении рабочих моментов. А мама Алма Мелькубаева трудится бухгалтером в Павлодарэнерго.

– Раньше любила участвовать в конкурсах красоты, думала, останусь в этой сфере, но позже появилось огромное желание кардинально изменить жизнь. Словом, сменила туфли на валенки, но не сожалею об этом, – с улыбкой говорит Зарина. – Конечно, пришлось привыкать. Столкнулась с жутким холодом при осмотре вагонов. Наша мама уже привыкла к графику железнодорожников, вот у нее действительно бессонные ночи, один пришел со смены, другой ушел.

К слову, Зарина Мелькубаева в составе павлодарских делегатов приняла участие в IX Молодежном форуме АО «НК «ҚТЖ».

**Айдана ЕРТАЙ,** *Павлодар*
*Фото автора*

# «СПАЯННЫЕ» ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГОЙ

В Костанайском отделении магистральной сети, на участке Костанай – Тобол, в бригаде по обслуживанию устройств СЦБ в должности электромехаников вот уже 35 лет трудятся три неразлучные подруги: Елена Купцова, Светлана Зиберт и Наталия Катаяну. Они пришли работать на железную дорогу девчонками, и вот уже почти четыре десятка лет трудятся здесь, спаянные непростой, но интересной работой, дружбой, прошедшей проверку временем, и общими трудовыми задачами.

**Аслан КУДАБАЕВ,**
*Костанай*

Светлана Зиберт (на фото справа) и Наталия Катаяну (на фото слева) пришли работать на железную дорогу после окончания Воронежского техникума железнодорожного транспорта, Елена Купцова (в центре) окончила Омский институт инженеров транспорта. Их бригада занимается обслуживанием электрических устройств на участке Костанай – Тобол. Задача – чтобы горели все фонари, светофоры, сигнальные знаки, без которых невозможен безопасный путь поездов.




– При всей своей сложности, мне моя работа очень нравится, – говорит Елена Купцова. – Я из семьи потомственных железнодорожников, мои родители всю жизнь трудились на железной дороге. Что меня подкупает в моей работе – она очень ответственная. И очень интересная. Нравится познавать новые, постоянно совершенствуемые устройства, искать в них неисправности и устранять. Конечно, это мужская работа, нелегкая, приходится и гайки крутить, и в праздники работать. Да, мне не раз доводилось работать и в Международный женский день. Особенно запомнился случай 20 лет назад, когда пришлось ехать на перегон Каратомары – Вороненская, чтобы поменять сгоревшую лампочку. На локомотиве туда и обратно. Из-за одной лампочки – так прошел весь мой праздничный день. Но я не жалуюсь, потому что рядом со мной всегда мои коллеги.

Светлане Зиберг тоже есть что вспомнить:

– В любую погоду, в любое время года, в морозы и дождь мы ходим по станции, проверяем стрелки, светофоры. Самое трудное для меня в работе – это ночные дежурства, но несмотря даже на них, мне моя работа очень нравится.

– Больше всего мне нравится в моей работе то, что она не сидячая, я постоянно нахожусь в движении, – говорит в свою очередь Наталия Катаяну. – Каждый день я узнаю что-то интересное, получаю новые знания, опыт. А сейчас пришло время делиться опытом с молодыми коллегами. Да, мы работаем наравне с мужчинами, и сами не хотим поблажек. Например, 9 марта я выхожу на дежурство. А в день 8 Марта хочу пожелать от себя и своих подруг всем нашим коллегам-женщинам стабильности в работе, в семейной жизни, обходиться без потрясений. Мира вам и вашим семьям!

*Фото автора*

**Ровно 20 лет своей трудовой биографии диспетчер центрального пункта пожарной связи (ЦППС) Улдай Сахметова посвятила негосударственной противопожарной службе компании. Выйдя на заслуженный отдых, она не расстается с родным коллективом, став секретарем Уральского регионального совета ветеранов-железнодорожников.**



# КЛЮЧЕВОЕ ЗВЕНО

Родом она из Казталовского района Западно-Казахстанской области. После окончания школы-интерната №11 в Уральске поехала покорять столицу. На факультет иностранных языков не прошла по конкурсу, но уезжать не хотелось. Проходя мимо Алма-Атинского электротехникума связи загляделась на здание. Зашла из любопытства. В итоге блестяще сдала экзамены, поступила на специальность «техник электросвязи». Направление на работу получила на Актюбинскую ТТС в тональный цех.

Но замужество внесло свои коррективы. Потомственный железнодорожник Айтбай Шуакбаев работал инструктором по пожарной безопасности на станции Казалинск и в 1982 году увез туда Улдай. С тех пор ей довелось поработать и в совхозе «Маяк революции» Озинского района Саратовской области РФ, и в отделе охраны при ГОВД г. Уральска. А 1 августа 1998 года Улдай поступила в железнодорожную противопожарную службу Уральского отделения дороги в качестве диспетчера центрального пункта пожарной связи. На этом месте она трудилась ровно 20 лет до выхода на заслуженный отдых.

– Улдай Сахметова – высококвалифицированный специалист. Она снискала заслуженное уважение среди железнодорожников области, – отмечает начальник отряда НГПС Серик Кусаинов. – Диспетчер ЦППС – ключевое звено в негосударственной противопожарной службе, он должен быстро оценить ситуацию, принять правильное решение о высылке пожарного поезда, координировать взаимодействие железнодорожных служб и гражданской защиты, обеспечить оперативный сбор, обработку и передачу сведений с места ликвидации ЧС в Астану.

Еще свежи в памяти уральцев годы, когда горели лесные массивы.

– Тяжелее всего тушить вагоны с горящим хлопком, они неделями тлеют, а из лесных и степных пожаров особенно памятен 2017 год, когда пожарный поезд гоняли от станции Пойма до Илецка, – вспоминает Улдай Сахметова. – Ребята тушили огонь – даже подошвы горели. Дочка, что в Аксае жила, возила им еду. С мужем сутками не виделись – я на диспетчерском посту, он – на пожаре.

За свой труд она награждена знаком «Құрметті ардагер РК ТЖК» от МЧС, юбилейной медалью «375 лет противопожарной службе РФ» и «Қазақстанның өртке қарсы кызметіне 1918-2018» к 100-летию противопожарной службы Казахстана.

К слову, на пенсию вышли одновременно с супругом. Он работал мастером по ремонту пожарных рукавов и обслуживанию пожарной техники и газодымозащитной службы пожарного поезда.

Были планы посвятить себя воспитанию внуков – их уже 8. Но как уйти от коллектива, которому полжизни отдала?

**Яна ЛЕНИНА,** *Уральск*
*Фото автора*

NUR MEDIA
ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Ләззат ТАНЫСБАЙ**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 18258
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **А. Ақтілеу, А. Шайхынова**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Әсел Таңатарова 8-708-536-53-15
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru
Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

Пойыз үстінде кішкентай қыздың өмірін ажалдан аман алып қалған маңғыстаулық жолсерік Алтынай Рамбаева биыл алғаш рет ашылған «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауының лауреаты атанды.



# «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ

Сол бір арты қуанышпен аяқталған ауыр күннен бері бір жылдан аса уақыт өтіпті. Еске сала кетсек, Макат станциясында бір вагонда жас сәбидің өліп қалғаны туралы хабар келгенде жолсерік абдырамай баланы қызметтік бөлмеге алып кіріп, сауатты алғашқы медициналық жәрдем көрсете білуінің арқасында 40 минуттан кейін клиникалық өлімге түскен қыз баланы «тірілтіп» алғаны жалпақ елге аңыз болған.

– Менің өмірімдегі есте қаларлық маңызды сәт осы 2017 жылы 1 шілдесі болып қалмақ. Алланың көмегімен бір сәбиді ажалдан арашалап қалғанымды мақтан тұтамын. Компания осы еңбегімді бағалап, «Құрметті теміржолшы» атағын берді. Сонымен қатар, шешуші сәтте сауатты түрде алғашқы жедел жәрдем көрсеткенім үшін ҚР Денсаулық министрлігі тарапынан «Үздік қызметкер» төсбелгісіне ие болдым. 9 айлық кезінде клиникалық өлімнен аман қалған қызымның жақында тұсауын кестім, бүгінде екі жарым жаста, шауып жүр. Ол менің үшінші қызыма айналды. Ата-анасы Фатиманы мендей теміржолшы болатын шығар деп қалжыңдайды. Сол күні ауа-райы ерекше ыстық болды. Сәбидің дене қызуы 40 градусты көрсетіп, клиникалық өлімге түсті. Бес жыл сайын аттестациядан өтеміз және онда алғашқы көмек көрсету жолдары туралы сынақ тапсырамыз. Себебі, пойызда түрлі жағдай болады, батыста шөл даланы кесіп өтеміз, оқыс оқиғалар орын алса, дәрігерлік көмек түгіл ел жоқ, су жоқ құла дүз. Сондықтан, әрбір жолсерік алғашқы медициналық көмек көрсету жолдарын білуі тиіс, – дейді Алтынай.

Теміржолшы формасы тұла бойына жараса қалған жолсерік әйелдің өзінің де екі қыз, бір ұлы бар. Жалғызбасты ана. Теміржолда 19 жылдан бері еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда ол Маңғыстау-Астрахань бағытындағы жолаушылар пойыздарында аға жолсерік қызметін атқаруда. Жолсапарда осындай жайсыз оқиғалар кездесіп жататындықтан медицина маманы болмаса да, жолсерік ретінде жауапкершілікті сезініп, үнемі медициналық құрал, дәрі-дәрмектерді өзімен бірге алып жүруді бүгінде әр жолсерік әдетке айналдырғалы қашан. Қанша баланың кіндігі пойызда кесіліп жатыр. 2006 жылы пойызға 3 баласы бар аяғы ауыр әйел отырыпты. Сол жолы да жолай толғатқан әйелді аман-есен босандырып алып, Шетпеде күтіп алған жедел жәрдемге салып жіберген екен. Қасында келе жатқан үш баласы анасын алып қалғанға үрейленіп, қорқып жылапты. Ол жерде де Алтынай балаларға психологиялық көмек көрсетіп, Ақтау қаласына дейін дін-аман жеткізіп, туыстарының қолына тапсырады.

Қазақстандық жолсеріктің ерлігі туралы ақпарат көрші елдерге де жетіп, Ресейдегі «Домашний» телеарнасы Алтынай туралы деректі фильм түсіріпті. Теміржолшылардың әулетінде дүние есігін ашқан кейіпкеріміз саналы ғұмырын теміржол саласына арнады. Ташкент политехникалық институтында электронды есептеу машиналары мамандығын меңгерген.

– Әйгілі теміржолшылар әулетінде дүниеге келдім, әкемнің анасы темір жол саласында еңбек еткен, сонау тоқырау заманда бағдаршамның жоқ уақытында самоход деген маймен пойыздарды жүргіздік деп әжем марқұм айтып отыратын, – дейді кейіпкеріміз. – Әжем тыл еңбеккері болған, әкем де теміржолшы, Қалпына келтіру пойызын басқарды, 37 жыл еңбек етіп, «Құрметті теміржолшы» атанған жан. Шешем өмір бойы жолсерік болды. Қазіргі таңда әулетімізде 7 теміржолшымыз, – деп мақтаныш еткен Алтынай Рамбаева сынды қайырымды да мейірімді адамдар көп болсын деп тіледім.

**Ұлан ОРАЗ**

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## *Құттықтаймыз!*

ҚҰРМАНБАЕВ МАЖЕТ ҚУАНДЫҚҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» Сексеуіл жол дистанциясының бастығы (8 наурыз)*

ОҢҒАРБАЕВ ЕРБОЛ ҚАЖДЕНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» директорының пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары (10 наурыз)*

ЕГІЗБАЕВ СӘРСЕНБАЙ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Маңғыстау ЖТ бөлімшесі» бас есепшісі (10 наурыз)*

ДЕРБІСБАЕВ ЕРАЛЫ КӨПЖАНҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Шымкент ЖТ бөлімшесі» директорының бірінші орынбасары (11 наурыз)*

# НАМ ВСЕ ПО ПЛЕЧУ!

**Более 30 лет Шолпан Макарова работает осмотрщиком-ремонтником вагонов контрольного поста на станции Шидерты Екибастузского эксплуатационного вагонного депо. Профессия – мужская, требует большой выносливости и хорошей физической подготовки. Но наша героиня со всеми возложенными на нее обязательствами справляется играючи. Она неоднократно становилась лучшей в своей специальности.**



Шолпан Макарова на ВЧД-16 пришла, когда ей только исполнилось 23 года. С тех пор ее жизнь неразрывно связана со стальной магистралью. За годы работы она не раз становилась лучшей в своей профессии, доказательством служат многочисленные грамоты и медали. Пять лет назад она вошла в тройку лидеров в конкурсе «Лучший осмотрщик-ремонтник вагонов». Женщина активно участвует и в общественной жизни предприятия.

– На железнодорожную дорогу пришла по наставлению свекрови. Сначала работала слесарем, – рассказывает Шолпан Хамитовна. – У нас целая династия железнодорожников. Это родители мужа, супруг Михаил был машинистом тепловоза, сейчас на заслуженном отдыхе. Сын Алексей – машинист тепловоза, дочь Татьяна – дежурная по станции. Только младшая не пошла по нашим стопам.

Как признается женщина, раньше приходилось трудиться в тяжелых условиях. Сегодня на предприятии все автоматизировано, новейшее оборудование и технологии.

– Осмотрщики-ремонтники занимаются тем, что осматривают поезда, проверяют на неисправность и так далее. Раньше у нас были скользящие буксы, приходилось делать подъемники, сейчас такого нет. Все делает специальная аппаратура. Мужчины, конечно, помогают, – рассказывает она.

На пенсии Шолпан Хамитовна планирует заняться обустройством любимого дома, огорода и, конечно, воспитанием шестерых внуков. До заслуженного отдыха ей осталось доработать полтора года. По ее признанию, по железной дороге будет скучать каждый день, все-таки 36 лет отдано этой стезе.

– Международный женский день мы отмечаем в кругу семьи. Все приезжают к бабушке с цветами и подарками, веселая и шумная компания собирается, у меня дом большой, накрываем дастархан, – с улыбкой говорит Шолпан Макарова. – На работе нас всегда поздравляют, дарят презенты, получаем премию. Словом, наши мужчины никогда не забывают о нас. И это радует!

**Айдана ЕРТАЙ**, *Павлодар*

*Фото Александра ЖАБЧУКА*



# МАСТЕРИЦА НА ВСЕ РУКИ

В Карагандинском эксплуатационном локомотивном депо филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» трудятся талантливые женщины-рукодельницы. Одна из них – техник по учету первой категории Светлана Зальцер, которая умеет создавать необычные картины из лепестков роз и вазы из ракушек.

Со слов коллег, Светлана Зальцер – творческая и увлекающаяся личность. Свою трудовую деятельность она начинала секретарем в локомотивном депо около 30 лет назад.

– Техник – своего рода подмастерье инженера. В мои обязанности входит составление материалов по взысканию, оформление документов, протоколов, приказов, – говорит Светлана.

В свободное от работы время она создает графические работы, аппликации, осваивает технику макраме.

– В школьные годы я посещала кружок изостудии. Занятия проводили прекрасные педагоги, которые разносторонне развивали учеников. Они научили нас делать уникальные вещи. Этот увлекательный процесс буквально завораживал меня. С тех пор, когда я вижу плоды своих трудов, испытываю творческое наслаждение. Первыми оценивают мои работы домочадцы – мама, муж и дочь, – рассказала Светлана.

Второй год подряд на предприятии проходят творческие выставки. Свои работы выставляет и Светлана. С ее слов, ракушки и лепестки роз для своих будущих работ она привозит из-за границы в период отпусков.

Большое удовольствие женщине доставляет декорирование ваз из ракушек, а также создание картин. Некоторые свои работы она с радостью дарит друзьям. Для декорирования подходят разные предметы: посуда, шкатулки, открытки, вазы и многое другое. Проявив фантазию, можно до неузнаваемости преобразить любую вещь и сделать из совершенно непривлекательного предмета настоящее произведение искусства.

– Какие-то картины сложнее и дороже изготовить, какие-то совсем просто. Но какие бы они ни получились – это часть интерьера, которая всегда несет тепло и уют в нашу жизнь, – говорит Светлана.

**Светлана МОГАЙ**, *Караганда*

*Фото автора*

СПОРТ




# ВСЕ НА ЛЫЖНЮ!

**Ветераны Астанинского эксплуатационного локомотивного депо приняли участие в ежегодных лыжных гонках на призы Астанинской городской организации ветеранов.**

По словам организаторов, основная задача мероприятия – привлечь внимание местных жителей к здоровому образу жизни.

В текущем году соревнования по лыжным гонкам среди пенсионеров города проходили по возрастным категориям: мужчины 63-68, 69-79, 75-80 лет, женщины: 58-63, 64-69, 69 и выше лет.

От Астанинского эксплуатационного локомотивного депо выступили семь бывших работников, которые ежегодно принимают участие в лыжных гонках и традиционно занимают призовые места. Это Людмила Красноштанова, Иван Залюбовский, Лилия и Александр Деринг, Борис Шафранник, Любовь Алексеенко, Николай Шалимов.

– Наша организация ежегодно принимает участие в спортивно-массовых мероприятиях, – говорит председатель Совета ветеранов Астанинского эксплуатационного локомотивного депо Людмила Красноштанова. – Мы ведем активный здоровый образ жизни и приветствуем различные спортивные соревнования. Это отличная возможность поддержать здоровье и поднять настроение.

За активное участие ветераны Астанинского эксплуатационного локомотивного депо получили грамоты и книги «История Астаны».

**Маржан БАКИЕВА**

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Елорданың көргенде көз сүрінген сәулетті ғимаратының бірі – «Нұрлы жол» вокзал кешенінде жұмыс істейтіндер тек жастар. Жас жүрген жер, әрине, сезім мен романтикаға толы. Сондықтан да бұл жер ғашықтардың табысып, отау құрып, отбасылық өмірге қанат қаққан құтты мекеніне айналып отыр. Бүгінгі біздің кейіпкерлеріміз – осы вокзал кешенінде танысып, шаңырақ құрған үш жұп.**

# БІЗ ЕКЕУМІЗ...



Бірінші жұп Асылтаң Аршабай мен Сара Нұртаеваның (сол жақта) отбасылық өмірге қадам басқандарына небәрі алты ай болыпты. Бір қызығы, олар Алматыдағы М.Тынышпаев атындағы ҚазККА-да қатарлас топта оқыпты. Екеуі бір-бірін таниды екен, бірақ жақын араласпаған. Олардың арасында махаббат алауы «Нұрлы жол» вокзалына жұмысқа тұрғаннан кейін тұтанған.

***Асылтаң:*** *Академияда оқып жүргенімде менің есіл-дертім оқу болды. Әкем теміржолшы болмағанымен, темір жол көлігі полициясында қызмет етті. Және менің жоғары оқу орнын қызыл дипломмен бітіргенімді қалады.*

***Сара:*** *Мен академияны бітіргесін жолдамамен осы Астана – Нұрлы жол вокзалына келіп, жұмысқа орналастым. Бұл жерде Асылтаңды көргенде, жақын адамымды көргендей қуанып, ішім жылып қалды. Студент кезіміз-де араласпасақ та, таныспыз ғой, амандық-саулық сұрасып мәз болдық. Кейін осы жерде жақын араласа бастадық, дос болдық, кейін махаббатқа ұласты...*

***Асылтаң:*** *Мені Сара жақұттай мөлдір көк көздерімен баурап алды. Және де осы әдемі көздері үнемі күлімдеп, жайдары жүретін ашық мінезімен тәнті етті.*

***Сара:*** *Асылтаңнан қазір көп адамның бойында кездесе бермейтін адалдық, әділеттілік қасиеттерін танып, ерекше ұнаттым.*

* * *

Ал вокзал кешенінің аға кезекшісі Батырхан Әбдікәрім (ортада) Қызылорда облысының Шиелі ауданының тумасы екен. Жұбайы Айнұр Кәрібаева – Арқаның кербез сұлу Көкшетауының қызы.

***Батырхан:*** *Мен мектеп бітірген соң ойланбастан М.Тынышпаев атындағы көлік академиясын таңдадым. Онда «Көлік және көлік техникасы» мамандығы бойынша бакалаврға, кейін «Қозғалысты ұйымдастыру және басқару» мамандығы бойынша магистратураға түстім. Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Себебі, осы жұмысымның арқасында жан жарым Айнұрмен табыстым (күлді).*

***Айнұр:*** *Менің әкем теміржолшы, бірақ мен алғашында ағылшын тілінің мұғалімі мамандығына оқыдым. Бірақ, көрмейсіз бе, бәрібір айналып келіп теміржолға табан тіредім. Алғашында вокзалға диктор болып орналастым. Кейін жаңа вокзалға кезекші болып кірдім. Осында болашақ жарымды жолықтырдым. Өткен жылдың қыркүйек айында некемізді қидырдық. Қазір бөпемізді күтіп жүрміз. Аллаға шүкір, бақыттымын...*

* * *

Шымқаланың тумасы Райымбек Шагиев те аягөздік ару Айданамен осы вокзалда танысыпты да табысыпты. Ерлі-зайыпты Шагиевтерге (сол жақта) сөз кезегін берсек...

***Райымбек:*** *Мен Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде тасымалды ұйымдастыру факультетінде оқыдым. Оқу бітіргесін өзге де замандастарым сияқты әртүрлі жұмыстың басын шалдым. Сосын осы жаңа вокзал ашылды. «Астана» концерт залында вокзалға жұмысқа қабылдап жатқанын естіп, түйіндемемнің бірнеше көшірмесін шығарып, алып ұшып келдім. Төрт жерде әңгімелесу жүріп жатыр екен. Төртеуіне де қатысып, түйіндемемді тастап кеттім. Содан өздері хабарласты. Тағы да әңгімелесулерден өттік. Сөйтіп, вокзал кезекшісі болып жұмысқа тұрдым.*

***Айдана:*** *Мен шығыс өңірінде, Тарбағатай баурайында туып өскенмен, кейін ата-анам Талдықорғанға көшіп келді. Алматыда ҚазККА-да тасымалдауды ұйымдастыру мамандығы бойынша оқып бітірдім. Энергетика университетінде маман болып жұмыс істеп жүргенмін, интернет арқылы Нұрлы жол вокзалының ашылып жатқанын, теміржол саласы мамандарының талап етілетінін біліп, түйіндемемді жібердім. Бірнеше әңгімелесулерден өткеннен кейін 10 күн бізді оқытты. Осылайша вокзал кезекшісі болып қызметке тұрдым.*

***Райымбек:*** *Менің Айданамен танысуым қызық басталды. Дәл осы жерде (өздері тұрған жерлерін көрсетіп, авт.) Айдана тұрды, қатты шөлдеп тұрған кезім еді, оның қолындағы суы бар бөтелкесін көріп, су сұрадым. Ол берді. Қайырымды қыз екен деп ойлап қойдым. Оның үстіне иманжүзді, ақылды, көркем мінезді. Ең бастысы, анама қатты ұқсайды, сол кісі сияқты мейірімді, қамқор. Оның үстіне, бұл қыз менің жарым болса, сусыз қалмайтыным анық еді ( әзілдеп, авт)...*

***Айдана:*** *Мен тазалыққа қатты қарайтын адаммын. Райымбектің үнемі тап-таза, жинақы, ұқыпты жүретіні ұнады. Оның үстіне ол бос сөйлемейтін, салмақты жігіт. Ағылшын, орыс тілін жетік білумен қатар туған тілін де құрметтейді. Білікті маман. Әрбір қыз бала болашақ жарының өзіне арқа сүйейтін азамат болғанын қалайды ғой. Мен де Райымбекті сондай азаматтың қатарынан көріп, болашақ жарым ретінде елестеттім. Оны бір көргеннен ұнатсам да, ұяңдыққа салып, білдіртпедім. Бірге болу бұйырса, міндетті түрде орындалады деп ойладым. Сөйтсем, ол да мені ұнатып жүріпті. Міне, қазір Аллаға шүкір біргеміз, бұйыртса, биыл сәбилі боламыз.*

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**P.S.:** ***Иә, жүздерінен мейірім есіп, бір-біріне іңкәр сезіммен қараған бақытты жандарды көргенде, үйде де, түзде де жұптары жарасқан бұл жас жұбайларға қызыға қарап, бақыт тіледік.***